



ЕЛБАСЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНА БАРДЫ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті алдымен Жамбыл облысының әкімі Б.Сапарбаевпен кездесті. Кездесуде Елбасына әскери қоймадағы жарылыстан зардап шеккен Байзақ ауданы тұрғындарына көмек көрсету шаралары және қалпына келтіру жұмыстары туралы мәлімет берілді.

Жамбыл облысының әкімі Елбасына өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының жүзеге асырылу барысы жайлы, сондай-ақ аграрлық сектордағы мәселелерді шешуге және халықты жұмыспен қамтуға бағытталған шаралар туралы баяндады. Қазақстанның Тұңғыш Президенті өңір басшылығының жұмысына оң баға берді.

Кездесуден кейін Елбасы «Әлжан ана» тарихи музейінің қызметімен танысып, мекеме аумағына ағаш отырғызу рәсіміне қатысты. Қазақстанның Тұңғыш Президенті, сондай-ақ ауылдағы мәдениет үйіне барды. Бұл мәдениет үйінде кітапхана және

түрлі үйірме жұмыс істейді, 250 орындық концерт залы бар. Н.Назарбаев Жамбыл облыстық филармониясының әртістері мен аудандық мәдениет үйінің шәкірттері орындаған музыкалық шығарманы тыңдады.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті, сондай-ақ спорттық-сауықтыру кешенінің жұмыс барысымен танысты. Аталған кешенде ауқымды арена, әмбебап зал және күрес пен боксқа арналған зал бар. Бүгінгі спорттық-сауықтыру кешенінде 400-ден астам бала мен жеткіншек спорттың еркін күрес, таэквондо, каратэ, волейбол, футбол, бокс секілді алты түрі бойынша жаттығады.

ЕСКЕРТКІШТЕР: ЕСКІЛІК пен ЕРСІЛІК



Мүсіншілерде сезім жоқ па, әлде қиялға ерік бермей ме, әйтеуір соңғы жылдары мүсін өнеріне сын көп айтылып жүр. Рас, елімізде ескерткіш көп. Бұған қарап, еліміздегі мүсін өнерінің тынысы кең ашылып, айы оңынан туып тұр деп айта алмаспыз. Өйткені көп ескерткіштің арасында сиам егіздері сияқты ұқсастары өте көп. Неге бұлай?

Соңғы жылдары ескерткіш өнерінде лау көбейіп кетті. Мәселен, Райымбек ауданының

орталығы Нарынқол елді мекенінде қойылған ескерткіштің түр-сипаты мен орналасқан жері-

не көңілі толмаған жұрт мүсіннің дұрыс жасалмағанын айтып, әлеуметтік желіде шу көтерді.

Журналист Канат Әбілқайыр: «Ескерткіште Мұқағалидың бойы аласа. Оның биік, асқақ кісі болғанын білеміз. Шеберханада жасалған кезде биік болып көрінеді. Өйткені ескерткіштің биіктігі – 3,5 метр. Бірақ тұғырға қондырған кезде көзге қораш көрініп тұр. Бұл жерде ескерткіш Қалыр Мырза Әлінің кейпіне көп ұқсап кеткен. Барлығын айтатын болсам, ескерткішті толықтай өзгерту керек болады. Ескерткіштегі Мұқағалидың тұрысында мен тұра алмадым. Бір қол жамбаста, аяғы қисайған, екінші қолы белде тұр. Адамда ондай тұрыс болмайды» деп жазды. Әлеуметтік желідегі шудан кейін жауапты адамдар қайта «түзететінін» айтып, уәде бергенді.

(Жалғасы 5-бетте)

ПАНДЕМИЯ: қасіреттен дәулет жиғандар

Министр Цой биыл үшінші рет ахуалдың тұрақталғанын жариялағанымен, пандемияның аяқталар түрі көрінбейді. Қазақстан бұған дейін COVID-19 індетімен күреске 6 триллионнан астам теңге немесе 14 миллиардтай доллар шығындаған. Алайда Үкімет бәрібір дерттің таралуын шектей алмады. Астатөк қаражаттың үлкен бөлігі ұрланған, мақсатсыз жұмсалған. Ауруханаларда дәрі жетіспеу проблемасы дүркін-дүркін бой көрсетуде. Ал құзырлы органдар ковид-препараттарды қолдан жасайтын жасырын цехтарды тапты.

ДӘРІ НАРЫҒЫ КОНТРАФАКТИГЕ ТОЛҒАН БА?

Денсаулық сақтау министрлігінің талдауы көрсеткендей, пандемия басталғалы жалған дәрі-



дәрі өндірісі алапат ауқымда артқан. Ресми статистикаға сенсек, 2015 жылы дәріні фальсификациялағаны үшін 125 әкімшілік іс және 2 қылмыстық іс қозғалған. 2018 жылы бұл қылмыстар саны 2017 жылмен салыстырғанда

56%-ға күрт өскен. Нәтижесінде, 287 әкімшілік іс тіркеліп, жалпы сомасы 52,6 миллион теңге айыппұл салынды (сомасы жөнінен 2017 жылғыдан 51%-ға көп).

(Жалғасы 6-бетте)

Көңіл айтты

Қазақстан Президенті Ұлыбританияның Премьер-министрі Борис Джонсонға көңіл айтты.

Мемлекет басшысы Ұлыбританияның Премьер-министрі Борис Джонсонға анасы Шарлотта Джонсон Уоллдың қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

– Қазақстан халқының және жеке өзімнің атымнан Жоғары Мәртебелі Сізге және отбасыңызға орны толмас қайғыға байланысты көңіл айтамын. Миссис Джонсон Уолл аса көрнекті тұлға болатын. Ол өзінің тамаша туындыларымен Біріккен патшалықта



және одан тыс жерлерде заманауи өнердің дамуына, ілгерілеуіне елеулі үлес қосты. Аяулы анаңыз жайлы жақсы естеліктер оны

білетін адамдардың жүректерінде және жадларында сақталатынына сенімдімін, – делінген жеделхатта.

ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН БІРЕГЕЙ ЖОБА

Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында жазды. Онда:

«Президенттік жастар кадр резерві – егемен еліміздің өркендеуіне елеулі үлес қосам деген жастарға мүмкіндік беретін бірегей жоба.

Аталған жоба аясында 2019 жылы 300 жас азамат іріктеп алынып, соның ішінде 186 маман әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік лауазым бойынша қызметке орналасты.

Мемлекет басшысы алғашқы тәжірибенің тиімді жақтарын ескере отырып, жас кадрлар резервіне қатысты бастаманы жалғастыру туралы шешім қабылдағаны белгілі.

Осы орайда жобаға қатысуға құжат қабылдау жүріп жатқанын айта кету керек. Жобаға 35 жастан аспаған, жоғары білімді және 5 жыл еңбек өтілі бар, мемлекеттік тілді меңгерген әрбір жас азамат қатыса алады.

Іріктеу қорытындысы бойынша биыл 50 адам Президенттік жастар кадр резервіне алынады.

**ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР
КАДР РЕЗЕРВІ**

ПРЕЗИДЕНТСКИЙ
МОЛОДЕЖНЫЙ
КАДРОВЫЙ
РЕЗЕРВ

Жаңа буынның таңдауы
Выбор нового поколения

Barлық қажетті ақпаратпен pkrezerv.gov.kz сайтынан танысуға болады.
Ел ертені үшін қызмет етем деген жастарды осы жобаға қатысуға шақырамыз!» делінген.

Кінәсіз деп танылды. Неге?

Быттыр төтенше жағдай кезінде дәріханаларда дәрі жетіспей, ал ауруханаларда дәрігерлерге қорғаныш костюмдері уақытылы жеткізілмей, екі мыңнан астам ақ халатты коронавирус жұқтырды. Олқылықтың соңы ауыр індетті жұқтырумен ғана аяқталған жоқ. Өкінішке қарай, сол кезде отандық медицина бірқатар білікті мамандарынан айырылды. Ендеше ауыр індетпен күресте қызметін асыра пайдаланғаны және дәрігерлердің жаппай ковид жұқтыруына жол бергені үшін айыпталған «СҚ-Фармацияның» бұрынғы басшысы Берік Шәріпті сот не үшін бостандыққа шығарды?

Қоғамда үлкен шу тудырған сот ісінің басты айыпталушысы Берік Шәріпов 2004 жылы Қазақ мемлекеттік медициналық академиясының емдеу ісі, дәрігер-хирург мамандығы бойынша білім ала жүріп, елордадағы екі бірдей жерде дәрігер болып істеген. Сондай-ақ осы жылдары Нұр-Сұлтан қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облысының Денсаулық сақтау департаменттерінде түрлі қызметтер атқарады. Ал 2009 жылы Қазтұтыну одағының Қарағанды экономикалық университетінде «Экономика саласындағы құқықтық реттеу» мамандығымен бірге, Қазақстан Президенті Іс басқармасының Медициналық орталығының сарапшысы, бас сарапшысы, сондай-ақ бас заңгер, бас менеджер мен бөлім бастығы, «СҚ-Фармация» ЖШС басқарушы директоры секілді жауапты қызметті қатар алып жүрген. 2012 жылы Халықаралық бизнес академиясында



іскерлік әкімшілік магистрлігінде оқи жүріп, 2017 жылға дейін «Қазақстан Президенті Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» РМК стратегиялық даму жөніндегі бас дәрігердің орынбасары міндетіне жауапты болады. 2017 жылдың тамыз айынан бастап 2018 жылдың мамырына дейін Қазақстан Денсаулық сақтау

министрлігі қоғамдық денсаулық сақтау комитеті төрағасының орынбасары, кейін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басқарма төрағасының орынбасары, быттыр сәуір айынан тамыз айына дейін «СҚ-Фармация» ЖШС басқарма төрағасы лауазымын атқарды.

(Жалғасы 5-бетте)

Ақмолада аурухана неге жабылды?

Індет күшейіп, коронавирус жаналқымнан алып жатқанда Ақмола облысының Степногорск қаласының ірі ауруханаларының бірінде болған жағдайдан өңір жұртшылығы жағасын ұстап отыр. Степногорск қаласында туберкулез дертіне қарсы білдей өкпе-терапиялық бөлім толықтай жабылып тынбақ. Ал ауруханада жұмыс істейтін 39 медицина қызметкеріне жұмыссыз қалу қаупі төнген.

7 >>





Сенат Төрағасы Рибейромен кездесті

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев ЕҚЫҰ-ның БАҚ бостандығы жөніндегі өкілі Тереза Рибейромен кездесті. Кездесу барысында Сенат Спикері Қазақстан ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздік, оның ішінде сөз бостандығын қамтамасыз ету жөніндегі негізгі бағыттарын ілгерілетуге мүдделі екенін атап өтті.

«ЕҚЫҰ-ның Астана декларациясы қабылданғалы бері 10 жыл уақыт өтті. Бұл құжатта Еуроатлантикалық және Еуразиялық қоғамдастық елдері үшін қауіпсіздіктің бөлінбейтін туралы негізгі тезис жазылған. Қазақстан ЕҚЫҰ қабылдаған қауіпсіздіктің негізгі үш бағыты: әскери-саяси, экономикалық-экологиялық және гуманитарлық салалардың маньзылығын үнемі басты назарда ұстап келеді. Сондықтан біз сөз бостандығын қамтамасыз ету және БАҚ мәселелеріне ерекше мән береміз», — деді Мәулен Әшімбаев. Сонымен қатар Сенат Төрағасы елімізде азаматтардың сөз

бостандығы бойынша құқықтарын қамтамасыз етуі одан әрі жетілдіру үшін жүйелі жұмыс жүргізіліп келе жатқанын айтты. Сондай-ақ отандық медианы жаңғырту және бәсекеге қабілетті қазақстандық БАҚ-ты дамыту үшін де тиісті жағдай жасалып жатқанына назар аударды. Ол үшін «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» және «БАҚ туралы» заңдар қабылданды. Одан бөлек, Қазақстан БАҚ саласындағы халықаралық құжаттар базасын ратификациялады. Оның ішінде Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакет, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы және ЕҚЫҰ мен ЮНЕСКО-ның басқа да құжаттары бар.

«Президентіміздің елімізді жаңғырту бағдары аясында саяси реформалардың үш топтамасы ұсынылды. Қазір мемлекеттік органдардың ашықтығы мен қоғам алдындағы есептілігін арттыруға арналған «Қоғамдық бақылау туралы» заң жобасы әзірленіп жатыр. Адам құқықтарын қорғау саласын күшейтуге баса мән

берілуде. Сондай-ақ азаматтарға қарсы және адам саудасымен күрес, азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау жөніндегі заңнамаларды жетілдіру бойынша жұмыс жүргізіліп келеді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Спикерінің айтуынша, әлем бойынша цифрлық медиа-ортаны дамыту азаматтардың сөз бостандығын қамтамасыз етудің шешуші факторына айналды. Заманауи медиа технологиялар және олардың дамуы бір жағынан жана мүмкіндіктерге жол ашса, екінші жағынан түрлі сын-қатерлерді де тудырғаны сөзсіз. Мәулен Әшімбаев бұл мәселелерді тиімді шешу үшін халықаралық қоғамдастық белсенділік танытуға тиіс екенін тілге тиек етті.

Кездесу соңында Сенат Төрағасы ЕҚЫҰ өкілі Тереза Рибейроның елімізге сапары Қазақстан мен Ұйымның ынтымақтастығын одан әрі арттырып, екіжақты байланысқа тың серпін беретініне сенім білдірді.

Е.ЕРДЕНОВ

Көлігі бар, өзі жоқ



Осыған дейін хабарланғандай, 5 қыркүйекте Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының полиция бөліміне Бұқар жырау ауданы Доскей кентінің 36 жастағы тұрғынынан арыз келіп түскен.

Әйел 3 қыркүйекте күйеуі Өмірсерік Әлімқұлов сағат 8.30 шамасында Мерседес-230 автокөлігімен Нұра ауданына қарай Шұбаркөл кентіне вахтаға шыққанын және осы уақытқа дейін

оның жеделі орнына жетпегенін хабарлаған. Аталған факті Жаңаарқа ауданының полициясында тіркелген. Іздеу жұмысы басталды.

«12 қыркүйекте Қаражал қаласы және Жаңаарқа ауданы полиция бөлімінің қызметкерлері Шалғы кентінен Жаманайбат кентіне дейінгі аралықта жоғалып кеткен ер адамды іздеді. Іздеуге бес мототехника және жол талғамайтын 3 көлік тартылды. Шалғы ауылынан 50 шақырым

жерде полиция қызметкерлері жоғалған ер адамның Мерседес-230 маркалы автокөлігін тапты. Көлікке көзге көрінетін зақым келмеген және бұзылмаған. Автокөлік есігі құлыпталған. Кинологтер, еріктілер және Полиция департаментінің бүкіл гарнизоны жұмылдырылған іздеу шаралары жалғасып жатыр. ҚР ТЖМ Ми-8 тікұшағы іздеу аумағына ұшып шықты», — деп хабарлады Қарағанды облысы ПД бастығы Ерлан Файзуллин.

Ұлттық қор — \$56,9 млрд



Кешегі өткен Үкімет отырысында, сондай-ақ еліміздің бас банкірі Ұлттық қорда қанша ақша қалғанын жария етті. Тамыз айының соңындағы жағдай бойынша Ұлттық қорда 56,9 миллиард доллар бар.

«Биыл тамызда Ұлттық қорға түскен түсімдер 420 миллиард теңге, оның ішінде шетел валютасында 506 миллион доллар немесе 215 миллиард теңге болды. Ұлттық қордың активтері осы жылдың тамыз айының соңында 56,9 миллиард долларды құрады. Тамызда 396 миллиард теңгеге нысаналы және кепілдендірілген трансфертерді бөлу үшін 845 миллиард доллар сатылған. Өткен айда Ұлттық қордың инвестициялық кірісі оң қалыптасып, 316 миллион долларды құрады. Ал жыл басынан бері Ұлттық қордың инвестициялық кірісі негізінен акциялар нарығында өсуді жалғастыруына байланысты 2,3 миллиард доллар немесе 4,11% болды. Ал алтын-валюта резервтері бір айда 1,8 миллиард долларға артып, тамыз айының соңында 36,8 миллиард долларға жетті», — деді Ерболат Досаев.

Елде қымбатшылық жалғасады

Әлемдік өндірушілер шикізат пен дайын өнімнің тапшылығына тап келіп, бағаның өсуі әлі де болса тоқтамай тұр. Сол себепті әлемдік нарықтағы тұрақсыздық Қазақстандағы инфляция динамикасына әлі де болса теріс әсер етуде. Бұл туралы Үкімет отырысында Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев айтты.

«Контейнерді жөнелту құны 2019 жылғы желтоқсан айымен салыстырғанда 3-4 есе өсті, бұл бағаның алдағы уақытта да көтерілетінін білдіреді. Осыған орай өндірушілердің бағасы АҚШ-та 7,7%, Еуроодақта 12,2%, Қытайда 9% болып ең жоғары мәнге жетті. Ал елімізде тасымалдау жұмыстарында туындаған қиындықтар мен шикізаттың қымбаттауына байла-



нысты отандық өндірушілер тауарларының жылдық бағасы 14,2%-ға көтерілді. Сәуір-тамыз аралығында жылдық инфляция 7,0%-дан 8,7%-ға дейін өсті. Осылайша, бағаның ай сайынғы өсу деңгейі 2008 жылдан бері алғаш рет ең жоғары

көрсеткішке жетіп отыр», — деді Ұлттық банк төрағасы. Одан бөлек, жанар-жағармайдың қымбаттауы әлі де жалғасуда. Бұл киім-кешек және аяқ киім бағасының өсуіне әкеп соғуы ықтимал.

Біртановты ұйқамақта ұстау мерзімі тағы ұзарды

Бұрынғы Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановты ұйқамақта ұстау мерзімі 14 қыркүйекке дейін созылған болатын. Кеше Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу соты жедел-тергеу тобының (ЖТТ) басшысы Хасановтың күдікті Елжан Біртановтың қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде ұйқамақта болу уақытын екі айға, яғни 2021 жылдың 14 қарашасына дейін ұзарту туралы өтінішхаты қаралды.

«Біз күдіктінің мерзімін қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде ұзарту туралы өтінішхатты қарап отырмыз. 7 шілде күні тергеу аяқталды, қазір танысу кезеңінде. Қылмыстық іс 133 томнан тұрады, заттай дәлел және өзге де материалдар бар. Қазір Біртановты ұйқамақта ұстау мерзімі 14 қыркүйекке аяқталады, ал тергеу қорытындысы бойынша іспен толық танысуды аяқтау мүмкін емес.



Осыған байланысты ЖТТ органының Біртановқа ұйқамақ мерзімін 2021 жылдың 14 қарашасына дейін екі айға ұзартуды және қанағаттандыруды сұраймын», — деді прокурор Төлеген Жараспаев.

Кенесу бөлмесінен шыққаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының судьясы Талғат Ақшабаев «Күдікті Елжан Біртановтың қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде ұйқа-

мақта болу мерзімін екі айға ұзарту туралы қолдауға қанағаттандырылсын. Күдікті Елжан Біртановтың қылмыстық іс материалдарымен танысу кезеңінде ұйқамақта болу мерзімі екі айға, яғни 2021 жылдың 14 қарашасын қоса алғандағы 21 сағат 56 минут уақытқа дейін ұзартылсын. Қаулыға шағым жасалуы мүмкін, ол жария етілген кезден бастап үш тәулік ішінде өтініш бойынша қайта қаралады», — деді.

eGov.kz: Бағдат Мусин түсініктеме берді

Соңғы уақытта үлкен қоғамдық пікір тудырып тұрған Сбербанкпен меморандумға қатысты Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин өзінің Facebook парақшасында жауап берді.

Министр жағдайды жан-жақты түсіндіре отырып, «біріншіден, eGov порталы тек қана Қазақстанға тиесілі және ешкімге берілмейді. «Қазақстандықтардың барлық деректері Ресей Федерациясына қолжетімді болады» деген түсінік қисынсыз», — деді. Оның айтуынша, eGov дегеніміз — бұл барлық мемлекеттік базалар өзара байланыстырылған «витрина». Сондықтан да бұл базаларға немесе жүйелерге ешкім ешқашан қол жеткізе алмайды.

«Өткен айда басталған талдау қазақстандық мемлекеттік сектор-



да 400-ден аса ақпараттық жүйе бар екенін көрсетті. Олар — мемлекеттік жылжымайтын мүлік базасы сияқты ірі базалардан бастап, олимпиада жүлдегерлері тіркелген шағын базалар. Біз осындай әртүрлі технологияларда жазылған бағдарламашы этикасы жоқ, кү-

жаттамасы ескірген жүздеген жүйелерді ірілендіріп, барлық деректер бірыңғай платформада реттелген он шақты жүйеге өткізді. Меморандум дегеніміз келісім-шарт емес. Ол цифрлық трансформация мүмкіндігін қарастыратын құжат қана», — деді Бағдат Мусин.

300 ағаш заңсыз кесілген

Алматы қаласы Полиция департаменті Медеу ауданында заңсыз ағаш кесу дерегіне қатысты қылмыстық іс қозғады.

Таяуда жергілікті экобелсенділер ішінде Қызыл кітапқа кірген түрлері болуы мүмкін 300 түп

ағаштың кесілгені туралы шу көтерген болатын. Соның арқасында бұл дерек халыққа жария болып, қалалық Жасыл экономика басқармасының назарын аударды. Ведомство осыған орай шабылған ағаштардың түрлері мен құндылығын анықтау мақсатында сараптама тағайындады. Сондай-ақ Алма-

ты қаласы Полиция департаменті Медеу ауданындағы ағаштар мен бұталарды заңсыз ағаш кесу, жою және зақымдау дерегіне қатысты Қылмыстық кодекстің 340-бабы бойынша қылмыстық іс қозғады. Тағайындалған сараптама бойынша тиісті процессуалдық шешім қабылданбақ.



Дайындаған Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

Бүгін «Nur Otan» партиясының хатшысы Әлібек Әлденей Astana телеарнасының ұжымына жаңа бас директоры таныстырды. Жаңа басшы – бұрын NUR Media холдингі бас директорының орынбасары қызметін атқарған Әзизхан Әбілдинов.

Astana телеарнасына жаңа бас директор тағайындалды



Ә.Әлденей телеарнаның бұрынғы басшысы Құрманбек Жұмағалидің атқарған жұмысын атап өтті. Телеарна К.Жұмағалидің басшылығымен 2020-2021 жылдары еліміздің жетекші телеарналарының ТОП-4-іне енді. Биылғы жылдың сегіз айының қорытындысы бойынша телеарнаның орташа үлесі жалпы телебағдарламаның 10%-ын құрайды. Телеарнаның материалдық-техникалық базасы жанартылды.

«Nur Otan» партиясының қолдауымен 2020-2021 жылдары Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай бірқатар табысты медиажобаны іске асырды. Бұл – «Тәуелсіздіктің 7 қыры» фильмдер топтамасы, «Быть первым», «Без права на ошибку», «Өмір-дастан» роликтері, «Из первых уст» интерактивті бағдарламасы, «Қазақстан» музыкалық клипі. Тележобаларда Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Қазақстанның қалыптасуындағы Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи ролін ашуға ерекше назар аударылған.

Ә.Әлденей Astana телеарнасының жаңа басшысы Әзизхан Әбілдиновті таныстыра отырып, оның 2017 жылдан бастап Nur Media холдингінде БАҚ мәселелерімен айналысқанын атап өтті. Сонымен қатар Президент Әкімшілігінде, орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда жұмыс істегенін айтты. Оның тікелей қатысуымен Nur Media холдингінде бірқатар интернет жоба құрылды.

«Nur Otan» партиясының хатшысы қазір Astana телеарнасына маңызды міндет қойылып отырғанын айтты. Телеарнаның жоғары рейтингін, қаржылық көрсеткіштерін және табыстылығын сақтап қалу қажет. «Nur Otan» партиясының және мемлекеттік саясаттың басымды бағыттарын тиімді насихаттауды қамтамасыз ету, телеарнаның жаңалықтары өзекті және халықтың шынайы проблемаларын көрсетуі керек. Мұның бәрі жаңа басшының менеджменттік тиімділігінің көрсеткіші болмақ.

Мұнайлы ауданына 150 орындық аурухана салынады

«Nur Otan» партиясы жанындағы республикалық Ұлт денсаулығы жөніндегі кеңес отырысы өтті. Онда денсаулық сақтау саласындағы Жол карталардың орындалуы мен республикалық кеңестің шешімдері бойынша өңірлік кеңестердің қызметі туралы есеп тыңдалды.



Кеңес жұмысына «Nur Otan» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Е.Әбілов, Маңғыстау облыстық мәслихатындағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Ж.Мұханбетқалиқызы және Маңғыстау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы А.Жұмыров қатысты.

Жиында аймақтық Ұлт денсаулығы мәселелері жөнінде кеңес төрағасы А.Өрісбаев «Nur Otan» партиясы Маңғыстау облысы бойынша «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасының орындалуы туралы және денсаулық саласындағы атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Сонымен қатар көптен бері шешілмеген күттірген Мұнайлы ауданы Маңғыстау ауылындағы көпсалалы 150 орындық аудандық аурухана

құрылысына республикалық бюджеттен қаражат бөлу жөнінде ұсынысын білдірді.

Қазір аталған аурухананың құжаттары дайын. Мұнайлы ауданында орталық аудандық аурухана құрылысының жобасы әзірленді және мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды шықты. Жобаның жалпы құны – 13 083 169,9 мың теңге. 2021 жылғы 21 мамырда нысан құрылысына конкурстық рәсімдер жарияланып, бүгінде мердігер мекеме анықталды.

Айта кетейік, бүгінде Мұнайлы ауданында 170 мыңнан астам халық бар. Тұрғындар аудандық аурухананың жоқтығынан Ақтау қаласына келіп емделуге мәжбүр. Халық саны шамадан тыс көп болуы салдарынан облыстық ауруханаларға күш түсуде. Сол себепті аудандық аурухананы тез арада қолданысқа беру кезек күттірмейтін мәселеге айналып отыр.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев билғы Жолдауында еліміздегі экологиялық мәселелер басты назарда болуы тиіс екенін айтты. Расымен, қазір экология көптеген табиғи компоненттен тұратынын білеміз. Соңғы жылдары экологиялық саясат бірнеше реформадан өтті. Жаңа «Экологиялық кодекс» қабылданғаннан кейін тың инструменттер мен механизмдер жағдайында қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға мүмкіндік тұмақ.

Жолдау аясында Мемлекет басшысы Қазақстандағы ауасы ластанған 10 қаланы орта мерзімде, тез арада газға көшіру жайын ерекше атап өтті. Егер Экология министрлігінің мәліметіне қарайтын болсақ, жылына 2,5 миллион тоннадан астам зиянды заттар қоршаған ортаға шашылып жатыр. Соңғы мониторинг бойынша, әсіресе өндірістік қалалардың ауасы ластанған. Оның ішінде Нұр-Сұлтан мен Алматы, Қарағанды, Теміртау қалалары барын айту керек. Бұл аймақтарды газға көшіріп, басқа да балама жолдарды қарастырып жөн. Аталған мәселе аз да болса шешімін тауып жатқанын көріп отырмыз. Елордаға «Сарыарқа» магистральді газ құбыры тартылды. Жылу электр стансасы да, жеке сектор да газға ауыспақ. Теміртаудағы «АрселорМиттал» компаниясы да меморандум негізінде зауыттан шығатын қалдық көлемін

Елдос АБАҚАНОВ, Мәжіліс депутаты, «Nur Otan» партиясы жанындағы Экологиялық кеңестің төрағасы:

Экологиялық мәселелер бақылауда

азайтпақ ниетте. Сондай-ақ Алматы тұрғындарын алаңдатқан бір мәселе бар. Ол – қаланың жылу электр стансасын газға көшіріп, модернизациясын жасау. Бұл жөнінде де Мемлекет басшысы тарапынан тапсырмалар болды. 2-жылу электр стансасының аумағында булы газ қондырғысын салу мен 3-жылу электр стансасын жаңғырту қажет. Енді қаланың негізгі электр және жылумен қамтамасыз етіп отырған құрылыстарын толығымен ауыстырып, жаңғырту жағы ескеріледі. Барлығы Алматы қаласының экологиясын жақсартуға он есерін тигізбек.

Елімізде бірнеше жылдан көміртік экономикаға көшу жөнінде арнайы стратегия жасалып жатыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы БҰҰ аясында өткен климаттық саммитте Қазақстан 2060 жылы көміртен артылу бойынша міндеттемені толық орындап бітетінін атады. Яғни, баламалы энергияны дамыту, ірі өндірістік кәсіпорындарды модернизациялау, қолжетімді жаңа технологиялар енгізу қажет.

Қазірде Экология министрлігі тарапынан «Жасыл Қазақстан» мен су ресурстарын тиімді басқаруға қатысты ұлттық жобалар әзірленіп жатыр. Бұл жобалардың ерекшелігі – 2025 жылға дейінгі кешенді іс-шаралар ескерілген. Сутапшылығы келешек әлем елдерімен қатар, Қазақстанда да болатын мәселенің бірі. Себебі сарапшылар мәлімдемесінде 2040 жылға қарай су жетіспеушілігі мәселесі ыңғуы мүмкін екені айтылған. Биыл болған қуаңшылық – соның бір куәсі. Бұл мәселені қалай шешеміз? Біріншіден, су ресурстарының ластануын қатаң бақылау керек. Екіншіден, суды пайдаланғанда цифрландыру секілді технологияларды ескеріп, тиімді жұмсауымыз тиіс. Бұдан бөлек, елімізде су қоймалары мен арнайы гидротехникалық құрылыстар

бар. Осылардың жұмысын үнемі бақылауда ұстау маңызды.

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасында экологияға қатысты көптеген іс-шара бекітілген. Оның ішінде өзен-көлдердің тазаруын қамтамасыз ету, Жайық өзені мәселесін шешу, баламалы энергия көлемін 2 есеге арттыру бойынша арнайы тапсырмалар бар. Жол картасы да дайындалды. Партия жанынан «Экологиялық кеңес» құрылды. Кеңестің негізгі мақсаты – су ресурстарын тиімді пайдаланып, ормандарды ұлғайтып, шөлейттер проблемасын шешу, қоршаған ортаға қатысты өзекті мәселелерді қарастыру. Соңғы өткен жиында Ойыл өзені бойында заңсыз тұрған бөгеттер мәселесі талқылау түсті. Жергілікті билікпен бірлесіп, бөгеттерді жойып, өзеннің ағысын жақсарту көзделді. Кеңес аталған барлық істердің атқарылуын бақылайды. Осы кезге дейін кеңес құрамы ел аумағында 53 жиын өткізді. Онда 211 ұсыныс айтылды. Соның 65 пайызы орындалып, қалғаны атқарылып жатыр.

Қосымша айтып кететін мәселе бар. Экологиялық реестрді құрдық. Ол реестрге 190-нан астам аймақтық және ұлттық деңгейдегі экологиялық проблема енді. Бүкіл облыста 17 экологиялық мобильді патрулдер жасакталды. Олар арнайы рейд жүргізіп, заңды бұзғандарды анықтайды. Қазірдің өзінде 48 рейд жүріп, 26 заңбұзушылық фактісі шықты.

Жылдың соңына дейін 92 отырыс өткізіледі. Тематикалық мәселелерге келсек, қалдықтарды тиімді басқару, қоғамдық экологиялық бақылау, жасыл желктерді күту және қорғау, су ресурстары, тарихи ластану жайттарын атаймыз. Аймақтық немесе ұлттық мәселе болсын, экологияға тікелей қатысы болса, бәрі талқыланады. Осы проблемалардың барлығы әрдайым партияның бақылауында болмақ.

Өңірлік Жол картасының орындалу барысы қаралды

Жамбыл облыстық партия филиалының мәжіліс залында «Nur Otan» партиясы жанындағы аймақтық Экологиялық қоғамдық кеңес отырысы өтті.

Күн тәртібінде Тараз, Жаңатас, Қаратау және Шу қалаларында тазарту құрылыстары кешенін салу жұмыстары және партияның сайлауалды бағдарламасын іске асырудың өңірлік Жол картасының орындалу барысы қаралды.

Партияның облыстық Жол картасында Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына қатысты 6 іс-шара белгіленген. Қазір 3 іс-шара орындалу сатысында, қалған 3-еуінің орындалу мерзімі әлі келмеген. Мәселен, қызық үйінділері мен полигондарды экологиялық талаптарға сәйкес келтіру бойынша аймақтағы санитарлық талаптарға сәйкес келмейтін 61 полигон мен қоқыс үйінділерінің 48-іне қоршау орнатып, 13 полигонды жою жұмысы жүргізілді. Жыл соңына дейін 19 полигон қоршалса, 2022 жылы 29-ы қоршалып, 13-і жойылатын болады.

Сондай-ақ облыстық Жол картасына сәйкес, Тараз, Жаңатас, Қаратау және Шу қалаларында кәріздік тазарту



кешенін салуға дайындық жұмыстары жүргізіліп отыр. Шу қаласындағы кәріз тазарту имараттарының құрылысын мердігерлер жарты жолдан тастап кеткен. 2010 жылы басталған құрылыс жұмыстары 2012 жылы аяқталуы керек болатын. Облыс әкімдігінің Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы К.Қорғанбаевтың айтуынша, құрылысқа жауаптыларға тиісті шара қолданып, жауапкершілікке тартылған. Бүгінде құрылыс жұмыстарын жаландыруға аудандық бюджеттен қаржы

қарастырылып, жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

Жалпы, 2019 жылдан бастап еліміздегі 53 қалаға кәріз тазарту имараттарын салу жоспарланған. Аталған жобаға Тараз, Шу, Қаратау, Жаңатас қалалары енгізілген. Жобаға сәйкес биыл Жаңатас қаласында кәріз тазарту имараттарын салу жұмысы басталмақ.

Отырыс соңында кеңес төрағасы Ф.Жүнісова көтерілген мәселелерге сәйкес, жұмыс жоспарының нәтижелі әрі мерзімінде орындалуын үйлестіру қажеттігін ерекше атап өтті.

Түркістан облысында сайлауалды бағдарлама жүзеге асып жатыр

Түркістан облысында «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасының жүзеге асырылуы барысы облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің төрағалығымен өткен мәжілісте талқыланды. Онда Жол картасы аясында аталған облыста жыл басынан бері 363,5 мың шаршы метр тұрғын үй берілгені, 10 541 адам тұрақты жұмыспен қамтылғаны, 13 кәсіпорын ашылып, 1 665 адам жұмысқа орналасқаны, 7 жаңа мектеп пайдалануға берілгені айтылды.

Жол картасының орындалуы бойынша «Nur Otan» партиясы Түркістан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бейсен Тәжібаевтың баяндамасы тыңдалды. Оның сөзінше, сайлауалды



бағдарламаның орындалуы партия филиалының қатаң бақылауына алынып, тұрақты түрде зерделеу жұмысы жүріп жатыр.

2021 жылы облыстық Жол картасы бойынша 110 индикатор жоспарланса, оның 25-і орындалған.

Аудандық, қалалық Жол карталарында жоспарланған 1 418 индикатордың 668-і, яғни 47 пайызы жүзеге асқан. Осы және өзге деректерге тоқталған баяндамашы сайлауалды бағдарламаны орындау барысындағы қиындықтар мен мәселелерді шешіп өтті. Сонымен қатар ол есеп берген кезінде «Жол картасы бойынша жылына 2 рет аудан, қала әкімдерінің есептері тыңдалса» деген ұсынысын қоса жеткізді.

Отырыста Түркістан облыстық Стратегиялық және стратегия және экономикалық даму басқармасының басшысы К.Қайыпбектің баяндамасы тыңдалды. Ол Жол картасы аясындағы жұмыстармен қатар «Ауыл – ел бесігі» жобасының жүзеге асырылуы барысын баяндады. 2021 жылы 70 ауылдық елді мекенде 302 жобаға 16,1 млрд теңге бөлінген. Іске асыру жоспарланған жобалар аясында білім, ден-

саулық, спорт саласында жаңа нысандар бой көтеріп, аудан, қалаларда инфрақұрылым жаңарады. Жыл қорытындысымен 280 нысанды пайдалануға тапсыру жоспарланса, бүгінде 95 жобаның жұмысы аяқталған. Оның ішінде 91 көше орташа жөндеуден өтіп, 4 мектепке күрделі жөндеу жұмысы жасалды.

Мәжілісті қорытындылаған облыс әкімі, партия филиалының төрағасы Өмірзақ Шөкеев сайлауалды бағдарлама өңірдің даму тұжырымдамасымен ұштасатынын айтты. Жол картасындағы әрбір индикаторды сапалы әрі уақытылы орындау жөнінде тапсырма беріп, барлық аудан, қала әкімдері мен басшыларға бұл іске жауапкершілікпен қарауды тапсырды. Жол картасын орындау барысындағы өзекті мәселелерді жылдам анықтап, жұмысты тоқтатпау кергін жеткізді.



Мұхтар ТӨЛЕГЕН,
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры:

ӘР МАМАН ІТ ҚАБІЛЕТКЕ ИЕ БОЛУЫ ШАРТ

Тәуелсіздіктің 30 жылдық межесін еңсерген Қазақстанның жеткен жетістіктері аз емес. Соның бірі – болашақ мамандарды даярлау ісі, басқаша айтса, жоғары білім жүйесінің жетілуі. Соңғы жылдары Қазақстан орталық қалаларда ғана емес, сондай-ақ өңірлерде де ірі білім ордаларының мүмкіндігін арттырды. Олар аймаққа қажет кәсіп иелерін оқытуда айтарлықтай жетістікке жете бастады.

Бүгінде бұл бағытта Шығыс өңірі де көштен қалған жоқ. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті облысқа қажет мамандық иелерін даярлауда біраз өзгеріс енгізе бастады. Осы тақырыпты кеңірек талқылау үшін университет ректоры Мұхтар Төлегенмен сұхбаттастық.

– Мұхтар Әділбекұлы, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті келер жылы 70 жылдық мерейтойын атап өтеді. Бүгінде білім ордасында қандай өзгерістер бар? Оқытушылардың еңбекақысы өсті ме?

– Рәсіммен, келер жылы Өскемендегі тұңғыш педагогикалық институттың іргесі қаланғанына тура 70 жыл толады. Бүгінде Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті еліміздегі білім беру және ғылым кеңістігінде өзінің лайықты тұғырына шыққан, бай тарихы мен қалыптасқан дәстүрі бар қарашаньар. Білім ордамыз республикалық рейтингте Қазақстанның 128 жоғары оқу орны арасында 6-орынды иеленеді, ал әлемдік рейтингте «А» санатындағы университеттер тобына жатады. Бұл – кәсіби кадрларды даярлаудың жоғары сапасының кепілі.

Бүгінде университеттің білім беру бағдарламалары «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының бағалауында көш бастап тұр. Тек соңғы үш жылдың ішінде облыс аумағында сұранысқа ие мамандықтар бойынша бакалавриат, магистратура және докторантураның 32 жаңа білім беру бағдарламасы іске қосылды.

Жалпы, биыл біздің университетке 3 мыңға жуық талапкер оқуға түсті. Олардың дені педагогикалық мамандықтарды таңдады. Ерекше айта кетер жетістік, Білім және ғылым министрлігі, сондай-ақ өңірлік әкімдік тарапынан ең көп мөлшерде бакалавриат гранттары биыл ШҚО бойынша біздің ЖОО-ға бөлініп отыр.

Көптің көкейінде жүрген, жаңағы өзіңіз айтқан басты сұрақ, ұстаздардың еңбекақысы бойынша айтарым, Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ бұл міндетті 2018 жылдан бастап кетті. Үш жыл көлемінде тек профессорлық-оқытушылық құрамның ғана емес, жалпы қызметкерлердің еңбекақысын Президент тапсырмасына сай, үш рет көтердік. Нәтижесінде, жасқалған еңбекақы қоры қыркүйектен бастап Білім және ғылым министрлігі белгілеген шекті мөлшерге жеңіл шығуға мүмкіндік беріп отыр.

– Коронавирус пандемиясы еліміздің жоғары ғылыми потенциалын көрсетті десек, артық болмас. Вирусқа қарсы вакцина шығарған Қазақстан ғалымдары мемлекетіміздің білім және ғылым саласының дамуына әлеуетін айқын аңғартып отыр. Аманжолов университетінде ғылыми потенциалды жаңғырту, инфрақұрылымды жаңарту жұмысының барысы қалай жүріп жатыр?

– Үш жыл ішінде университетте ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемі 10 есеге артып, 1 миллиард 163 миллион теңгені құрады. Ғалымдарымыз 20-дан астам ғылыми жобаны жүзеге асырды. Машина жасау, материалтану, энергетика, биотехнология, гуманитарлық салалардағы ғылыми әзірлемелері ғылыми қызметкерлерімізге осы жобалармен табыс табуға, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына нақты үлес қосуға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, соңғы үш жылда жұмыс беруші серіктестердің қолдауымен онан астам зертхана, арнайы кабинеттер мен ғылыми орталықтар ашылды. Ғылыми инфрақұрылым мен ғылыми жабдықтар жаңартылды. Тек 2020 жылы 70 млн теңгеден астам сомаға зерттеу жабдыктарының 30 атауы сатып алынды. Сондай-ақ ЖОО-да түрлі оқу кабинеті мен Назарбаев зияткерлік мектептері үлгісіндегі оқу зертханалық жабдықтары бар жаратылыстану-математикалық бағыттағы зертханалар ашылды. Robolab оқу робототехникалық зертханасы, жаңа IT сыныптар, KAZ Minerals кәсіпорнымен

бірлесіп химия бойынша оқу сыныбы және екі химия зертханасы, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор А.С.Ахметов атындағы химия кабинеті, Ж.Ахмеров атындағы цифрлық гуманитарлық ғылымдар кабинеті, цифрлық педагогика зертханасы, STEM-орталық және тағы да басқа кабинеттер студенттерге теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.

Университет оқытушылары мен қызметкерлеріміздің еңбегі халықаралық ғылыми журналдарда үнемі жарық көреді. Мысалы, былтыр Scopus және Web of science ғылыми журналдардың деректер базасында жарияланған мақалалар мен патенттердің көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 61,2%-ға артқан.

Талантты жас ғалымдарды тарту саясаты негізінде үш жыл ішінде университетке 10-нан астам PhD докторлары келді. Бұл бір жеке ЖОО-ның ғылыми беделін көтеру үшін ғана емес, тұтастай алғанда ғылымның дамуына, Шығыс өңірінің және жалпы Қазақстанның ғылыми жетістіктеріне әсер етеді. Себебі бұл осы өңірге қызмет ететін, болашағын байланыстыратын ғалымдарды, өндірістік өлкенің әлеуетін арттыру үшін қызмет ететін жастарды тәрбиелеуіміз керек.

Университетімізде сондай-ақ аймақтағы шағын су электр стансасының тәжірибелік коммерциялық үлгісі әзірленіп жатыр. ЖОО ғалымдары энергетика саласында ғылыми әзірлемелерді белсенді жүргізеді. Шығыс Қазақстан облысының шағын су қоймаларында көлденең ағынды және шнекті турбиналарды қолдана отырып, шағын ГЭС құру мемлекеттік электрэнергиясын беру желісіне 10 кВ қосу арқылы жылына 150 млн кВт/сағ дейін өндіруге және электр энергиясын кВт/сағ үшін нарықтық бағадан төмен сатуға мүмкіндік береді.

Студенттер мен магистранттарымыздың стартап-жобаларының негізгі бағыттары – биотехнология, материалтану және наноматериалдар, жаратылыстану бағыты (физика, химия), кәсіптік оқыту (ұлттық ойыншықтар, ұлттық киімдер және тағы басқалар).

Мысалы, университеттің жас ғалымы, физика және технологиялар кафедрасының шебері Нурлан Досмұраттың Balaua стартап-жобасы «Stratup Bolashak: менің арманым» стартап-жобалар ұлттық конкурсының финалына шықты. Жас ғалымымыз бүгінде ертегілер мен мультфильмдер негізінде табиғи материалдардан ұлттық нақыштағы ойыншықтар шығарады. Қазір ол Өскеменде шағын өндіріс ашты. Ал HealingJelly стартап-жобасы бойынша биология кафедрасының жас ғалымдары ара шаруашылығы өнімдері мен өсімдік компоненттері негізінде бал желесінің технологиясы мен өндірісі бойынша сертификат алды.

– Қазір елдің шығыс, солтүстік аймағындағы жастар көрші Ресейге көшіп, білім алып жатыр. Сонда қалай қоғамның қаншама? Оның алдын алудың бір жолы өңірлік ЖОО күшейту болар. Отандық университеттер деңгейін арттыру үшін тағы не істеу қажет?

– «Білікті маман» жобасы аясында 2017 жылдан бастап мектеп және колледж түлектерінің шетелге кетуін төмендету мақсатында сәтті жүзеге асырылып жатыр.

Осы жобаны іске асыру шеңберінде бес жыл ішінде жергілікті бюджеттен 1 846 білім беру гранты бөлінді. Бүгінде «Білікті маман» жобасы аясында өңірдің жеті жоғары оқу орнында сұранысқа ие мамандықтар бойынша 1 400-ден астам, соның ішінде С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде 493 студент білім алды.

Өңірдің еңбек нарығы үшін жоғары білімі бар кадрларға қажеттілікті ескере отырып, 2021-2022 оқу жылына 400 грант, оның ішінде 320 білім беру гранты бөлінді. Олардың 132-і педагогикалық ғылымдарға арналған.

Жергілікті әкімдік қаражатынан бөлінетін грантпен тек осы өңірдің түлектері оқи алады. Бітірген соң үш жыл көлемінде алған мамандығы бойынша еңбек етеді немесе магистратураға түсіп, білік деңгейін шыңдайды. Бұл шаралар нарықтағы маман тапшылығын шешуге бағытталған. Мәселен, биыл 140-қа жуық студент облыстық әкімдік гранты негізінде біздің университетке оқуға түсті.

Университетте дарынды және талантты оқушыларды қолдау үшін жоғары оқу орнымызда «Абай Құнанбаев», «Сәрсен Аманжолов» атындағы стипендиялар, пәндік олимпиадалардың жүлдегерлеріне университет гранттары беріледі.

Біздің басты ұстанымымыз – студенттерге сапалы біліммен қатар саналы тәрбие беру. Мәселен, «Денешынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенті, Серебрянж балалар үйінің тәрбиеленушісі Боровиков Артем суға батып бара жатқан әйел адамның өмірін құтқарды. Қыстың қақаған сары аязына қарамастан, үлкен ерлік жасады. Бұл бағыттың үшін 2021 жылдың қаңтарында университет ғылыми кеңесінің шешімімен Артем Сәрсен Аманжолов атындағы медальмен, Абай атындағы стипендиямен марапатталып, барлық оқу кезеңіне университет грантын иеленді.

Сондай-ақ Артем еліміздегі бірінші ADAM BOL AWARDS марапатының МҮҚТҮАДАМ медалін иеленді. Бір миллион теңге сыйлық алды. Бұдан бөлек, «Қазмырыш» АҚ компаниясы тағайындаған «Ізгі жүрек» сыйлығының лауреаты атанды.

Биыл осы мамандықта оқитын I-курс студенті жүзден халықаралық дәрежедегі спорт еткері – Нұрәлі Советханов Токиода өткен Параолимпиадалық ойындарда ел намысын қорғап, сегізінші орынға жайғасты. Бұл біз үшін, күллі Шығыс Қазақстан жұрты үшін үлкен жетістік! Осындай мықты жастардың өз облысымызда білім алып, болашағын байланыстыруы үшін мұндай кешенді жұмыстардың берері мол.

– Биылғы оқу жылынан бастап ректорлардың рейтингі енгізіледі. Сыбайлас жемқорлыққа жол берген басшылық қатаң, тіпті қызметінен кету жазасына тартылады. Бұл шаралар аймақтық университеттерге пайдасын тигізді ме?

– Әрине, кез келген мекемедегі әлеуметтік ахуал, оның имиджі мен болашағы басшысына тікелей байланысты. Бұл ретте жоғары оқу орын ректорларының алдында тұрған басты миссия – зияткерлік элитаны қалыптастырып, ғылым мен жаңа технологияларды өзара сабақтастыра дамытып, елдің адами капиталының сапасын арттыру ісінде нақты нәтиже қосылуы.

Біздің оқу орнында жемқорлыққа жол жоқ! Мұны оқытушыларға да, студенттерге де үнемі ашық, жария түрде айтамын. Әлеуметтік желідегі парақшаларыма кез келген студент өзіме тікелей толғандырған мәселелері бойынша арызын жазып, жібере алады. Оны білім алушылар жақсы біледі. Жемқорлықпен жаппай күресуде сананы тәрбиелемесе, салдарымен күресу – нәтижесіз талпыныс, бос әурешілік. Мен ректорлық қызметпен қатар, қалалық мәслихатта депутатпын, «Nur Otan» партиясының партиялық бақылау комиссиясының төрағасы міндетін атқарамын. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолында жүйелі жоспармен жұмыс атқарамыз.



Оқу процесі мен басқару ісінің ашықтығы, қолжетімділігі ақпараттық-коммуникативтік және цифрлық технологиялар арқылы қамтамасыз етіледі. «Виртуалды университет» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл онлайн порталдары жұмыс істейді. Антиплагиат АЖ арқылы білім алушылардың жазбаша жұмыстарын тексеру жүзеге асырылады. Емтихан сессиялары мен мемлекеттік емтихан кезінде Экзамус Прокторинг жүйесі қолданылады.

Ашықтық, жариялық принцип негізінде жұмыс істеу басты қағидамыз болғандықтан, PARASAT студенттерге қызмет көрсету орталығы ашылды. Барлық қызмет электронды түрде көрсетіледі.

«Парасатты университет» жобасын іске асыруда SANALY URPAQ студенттік клубы белсенді рөл атқарады. Мысалы, «Информатика» мамандығының студенті Жаркын Дидар әзірлеген «Адалдық кітапханасы» мобильді қосымшасы 2020 жылдың қараша айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы республикалық студенттік байқауда үздік деп танылды.

– Бүгін өңірлік университеттер ұлттық мәртебесі бар ЖОО-ның бәсекеге түсуі қажет. Сонда ғана ашық білім нарығында бәсекеге қабілетті болуы мүмкін. Қазіргі мектеп оқытушылары, болашақ студенттерді немен қызықтыра аласыздар?

– Біріншіден, студенттер саны 60 пайызға артты. Қазір университеттің контингенті білім берудің барлық бағыты бойынша 8 500 адамды құрайды. 3 жыл бұрын 4 мыңның үстінде еді.

Екіншіден, профессорлық-оқытушылық құрам мен қызметкерлер жалақысы екі есеге өсірілді. 32 жаңа білім беру бағдарламасы ашылды. Білім бағдарламаларын енгізуде біз басымдықты облыс аумағында аса сұранысқа ие мамандықтарға бөлдіді. Себебі педагог, инженерлермен қатар, ауыл шаруашылығы бағытында, оның ішінде ара және марал өсіру, аншылық ісінде маман тапшылығы өте жоғары. Осы қажеттіліктерді ескере отырып, «Орман ресурстары, аншылықтану және ара шаруашылығы» бағдарламасын іске қостық. Сондай-ақ ядролық физика мен атом энергетикасы, компьютерлік мехатроника, материалтану және жаңа материалдар технологиясы, қайта өңдеу өндірісінің технологиясы, материалдарды өндеуде және машина жасауда бағдарламалау мен аппараттар сияқты жаңа мамандықтар ашылды. Бұдан бөлек, Ресей Федерациясының Алтай мемлекеттік университетімен бірге екі мамандық алып шығуға мүмкіндік беретін қос диплом бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз.

Үшіншіден, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемі 110 миллион теңгеден 10 есеге артып, 1 миллиард 163 миллион теңгені құрады. 20-дан астам ғылыми жоба жүзеге асырылады. 10-нан астам PhD докторлары жұмысқа алынды, физика-химия ғылымдары бойынша диссертациялық кеңес ашылды.

– Қазір еңбек нарығына сай мамандықтар да жылдам өзгеріп жатыр немесе бірі сұраныстан шығып, жаңалары пайда болып жатыр. Мұндай өзгерістерге оқытушыларды қалай дайындау, бейімдеу керек?

– Ұстаз міндеті уақыт ағымына, заман талабына сай өзгеріп, жаңарып отырады. Сондықтан педагог дайындау ісінде кәсіби құзыреттілікті дамыту бағытына басымдық берту керек. Сыни ойлаумен қатар Soft skills, яғни болашақ маман бойынша жаңа жағдайға тез бейімделетін жұмсақ дағдыларды қалыптастыру.

Жаһандану ғасырында адамзат өміріндегі цифрлық рөлін бәріміз көріп отырмыз. Бұл дамудың бөлек, жаңа кезеңі. Сондықтан әр мамандық иесінде IT құзыреттіліктің болуы шарт екенін түсінеміз. Педагогика саласында қазір,

мәселен digital pedagogy – цифрлық педагогика, киберпедагогика деген ұғымдар бар. Әртүрлі цифрлық технологияны қамтитын, оның нәтижесінде білім беру қызметтерінің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық процесс бұл. Оқу орнымыздың даму тұжырымдамасы да осы IT технологияларды дамытуға негізделген. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде қазіргі заманға сай цифрлық жабдықтармен жараталған жаңа зертханалар, соңғы үлгідегі оқу аудиториялары ашылып жатыр. Бұл біздің университет студенттеріне еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

– Кәсіпкерлер көбіне ЖОО түлектері жұмысқа қажет кәсіби қабілетке ие емес деп арызданып жатады. Сарапшылар мұның себебін ЖОО-ның жұмысын жұмыс берушілер емес, министрліктің бағалауымен түсіндіреді. Оқу бағдарламасын еңбек нарығына сай ету үшін не істеу қажет деп ойлайсыз?

– Қазіргі талап бойынша тек Білім және ғылым министрлігі бағаламайды. Стейкхолдер бар, яғни ата-аналар, жұмыс берушілер. Солардың тікелей бағалауына сай дайындап жатқан мамандардың қабілет деңгейі сараланады. Бұдан бөлек, соңғы үш жыл көлемінде ұлттық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы бағалайды. Сондай-ақ ұлттық және халықаралық аккредитациялық агенттіктер бар. Бұл мекемелер біздің университетіміздің нарыққа қажет мамандықтарды дайындау бағытындағы жұмысымызды жақсы бағалап отыр. 128 оқу орны ішінде 6-орын берді. Яғни, біздің дайындайтын мамандарымыздың деңгейі заманға сай, сұранысқа ие.

Оқу бағдарламасын еңбек нарығына сай ету үшін, әлбетте атқарып отырған істің нәтижесін зерттеу қажет. Мәселен, біздің өңірге қандай мамандар қажет, біз кімді оқытуымыз керек, қалай оқытуымыз керек? Түлетіп жатқан мамандарымыз нарықта сұранысқа ие ме, әлде біздің тараптан қателік бар ма деген сауалды қоя отырып, кем дегенде әр үш жыл сайын терең сараптама жүргізу керек. Біз мемлекеттен алған гранттың немесе ата-ананың өз баласының мамандық алуына жұмсаған қаражатының, жалпақ тілмен айтқанда, «далаға» емес, елдің экономикасын көтеріп, әлеуетін арттыратын тұлғалар дайындауға жұмсауымыз керек.

Сонымен қатар дайындап жатқан кадрларымыз аймақтық, республикалық деңгейдегі талаптарға сәйкес болуы керек. Бұл бағытта дуальді оқыту түрі бар. Оның негізінде біз штаттағы қызметкерлердің 20 пайызға дейінгі бөлігін жұмыс берушілердің құрамынан алып отырмыз. Мәселен, Титан-магний комбинаты, Үлбі металлургия зауыты, мектептерден, балабақшалардан бізге келіп практик мамандық жұмыс істейді, сабақ береді. Және біздің студенттер сол жерлерге барып тәжірибеден өтеді.

Біздің университет тарапынан соңғы үш жыл ішінде 32 жаңа білім беру бағдарламасы енгізілді. Олардың барлығы нарықта сұранысқа ие жаңа мамандықтарды қамтып отыр.

– Тәуелсіздігімізге биыл 30 жыл толды. Тәуелсіздігіміздің ең үлкен жетістігі деп нені айтар едіңіз?

– Тәуелсіздіктің біздің елімізге берген ең үлкен жетістігі – ол ұрпағымыздың еркіндікте ержетуі. Ал мемлекетіміз сол ұрпағының бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуы үшін қолынан келер барлық жағдайды жасауда тартынып қалмауы тиіс.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Кінәсіз деп танылды. Неге?

(Басы 1-бетте)

Жадыра МҮСІЛІМ

ПРЕЗИДЕНТТІҢ КӨҢЛІ ТОЛМАДЫ

Өзі дәрігер, өзі заңгер мамандығы бойынша бірнеше жоғары оқу орнында білім ала жүріп, бірқатар жауапты қызметті атқарған басшының басындағы дау былтыр Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «СК-Фармация» төңірегіндегі қандық мүдделер туралы сынынан кейін үдей түскен еді. Сол кезде «СК-Фармация» туралы соңғы 15 жыл бойы естіп келемін. Онда барлығы жұмыс істегісі келеді, осы ұйымның айналасындағы қандық мүдделер туралы әңгімелер де желдей есіп тұр. Ендігі жерде не істемек ойыңыз бар?» деген Президент Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойға сұрақты төтесінен қойған.

Денсаулық сақтау министрі бұл ұйымның негізгі міндеті — мемлекеттік сегментке медициналық препараттарды жеткізу екенін айтып: «Ауруханалар мен емханаларға орталықтандырылған жеткізу бойынша жұмыс істейді. Бұл жеткізілімдер цифрландырылған, барлық келісімшарттар электронды форматта жасалады. Барлығы үнемделген. Яғни, тікелей зауыттардан сатып алынады. Отандық тауар өндірушілерді қолдау бағдарламасы жүзеге асып жатыр. Осының арқасында фарм-өнеркәсіп 22 пайызға негізгі өсім берді», — деді. Алайда министрдің жауабына қанағаттанбаған Мемлекет басшысы Премьер-Министрге бұл мәселемен егжей-тегжейлі айналысуды тапсырды. Сондай-ақ жағдайдың өршуіне жол берген барлық адамды қызметтен босатып, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасына ұйымдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тексеріс жүргізу керектігін айтқан.

ҚЫЗМЕТІНЕН БОСАТЫЛЫП, ИЗОЛЯТОРҒА КАМАЛДЫ

Үкіметтің кеңейтілген отырысынан кейін бірнеше сағаттан соң-ақ Берік Шәріпов қызметінен босатылды. Ауру-



өршіп, ет жақындарынан айырылып, қайғыдан қан жұтқан көпшілік әлеуметтік желі арқылы жанайқайларын жеткізіп, лауазымды тұлғаның жауапқа тартылуы керектігін талап етті. Ел басына жауапты құн туғанда жауапсыздыққа жол берген «СК-Фармация» басшысын қызметтен алып қана қоймай, заң алдында жауапқа тарту керектігін айтқан. Өйткені сол уақытта емханалар мен ауруханаларда медициналық препарат жетіспей, 2 мың дәрігер COVID-19 жұқтырып, жағдай ушыға түскен. Қорғаныш киімдерінің тапшылығы салдарынан ауру жұқтырған ақ халаттылар арасында ауыр дерттен көз жұмған дәрігерлер де аз болмады. Әлеуметтік желінің әсері қоғамда үлкен шу тудырған соң ба, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлері Берік Шәріповті Нұр-Сұлтандағы Уақытша ұстау изоляторына қамады. Артынша Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу соты күдікті Берік Шәріповке қатысты күзетпен ұстау түріндегі тандалған бұлтартпау шарасы екі ай мерзімге санкцияланғанын мәлім етті. Ол ҚР ҚК-ның 361-бабы 4-бөлігі, 3-тармағы «Ауыр зардаптарға әкеп соққан лауазымды өкілеттіктерді теріс пайдалану» және 287-бабы 2-бөлігі «Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру» бойынша айыпталған-ды.

Егер айыпталушының кінәсі толық дәлелденсе, лауазымын асыра пайдаланғаны үшін жеті жылға, ал қаруды заңсыз сақтағаны үшін бір жылға жаза арқалауы тиіс-тұғын.

ЭКС-БАСШЫ КІНӘСІН МОЙЫНДАДЫ

Биыл өріптестерінің жаппай ковид жұқтырып, төсекке танылуына жол берген «СК-Фармация» ЖШС-нің бұрынғы басшысы Берік Шәріповтың қорғаушысы дәрігерлердің арасында коронавирустың өршуіне қорғаныш киімдерінің тапшылығы емес, ақ халаттылардың карантинді өрескел бұзғаны себеп болды деген мәлімдеме жасады. Оның айтуынша, дезинфекциялық заттарды дайындау кезінде ұй-жайларда желдетудің болмауы, арнайы киімді сақтау ережелерін бұзу және медициналық қалдықтармен жұмыс тәртібін сақтамау салдарынан оқшылықтар болған. Ауруханаларда жүргізілген тексеріс барысында бұл толық дәлелденген көрінеді. Сондықтан айыпталушының адвокаттары бұл айғақтар Берік Шәріповке тағылған айыпты түбегейлі жокқа шығаратынын жеткізді.

Сегіз ай қамауда отырған «СК-Фармацияның» экс-басшысы соттың алдын ала тыңдалымында қаруды заңсыз сақтағанын сотта растағанымен, қызметтік лауазымын асыра пайдаланғанын жокқа шығарып, сотта өзін босатуын сұрады. Алайда судья

Берік Шәріповтің өтінішін қанағаттандырған жоқ.

ПРОКУРОР ЖАЗА СҰРАДЫ, СУДЬЯ СОТ ЗАЛЫНАН БОСАТТЫ

Қылмыстық кодекстің екі бірдей бабымен айыпталған «СК-Фармацияның» бұрынғы басшысының ісіне таяуда ғана нүкте қойылды. Прокурор Дастан Купербасев соттан «СК-Фармацияның» бұрынғы басшысы үшін бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын сұрағанымен, судья оны қамаудан босатып, айыппұл салуға шешім шығарды. Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық сотының судьясы Қанат Дүйсембиев Берік Шәріповті 287-баптың 2-бөлігінде көзделген қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп тауып, 2 миллион 778 мың теңге сомасында 1000 АЕК айыппұл төлеуге үкім шығарды. Ал 361-баптың 4-бөлігі 3-тармағында көзделген қылмыстық құқықбұзушылық жасауда кінәсіз деп танылуы керектігін айтты. Себебі судья айыпталушының іс-әрекетінде қылмыс құрамы жоғын алға тартқан. «КК-нің 62-бабы 3-бөлігі 4-тармағына сәйкес айыппұл түріндегі жаза мерзімі 2020 жылғы 12 тамыздан бастап 2021 жылғы 4 тамызға дейінгі кезеңде айыппұл түріндегі жазаны өтеудің 4 АЕК үшін күзетпен ұстау уақытының бір күні есебімен қамауда ұстау уақыты есептелінін. Берік Шәріповке тағайындалған жаза өтелді деп есептелінін және ол сот отырысында қамаудан босатылыны. Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы жойылсын», — делінген судьяның қаулысында.

АЙТҚАНЫ КЕЛМЕГЕН МИНИСТР

Екі айдың ішінде екі мың дәрігердің коронавирус жұқтырғаны үшін айыпты болған Берік Шәріповті сотта бұрынғы Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов та қорғап шықты. Оның айтуынша, Берік Шәріпов форс-мажор жағдайында шешім қабылдауға мәжбүр болған. Сондай-ақ экс-министр пандемия кезінде пайда тапқысы келген фармацевтикалық компаниялардың қандай жауапты қадамдарға барғанын жеткізді. Сөзіне сенсек, Қазақстандағы фармацевтикалық нарық аса күрделі және тым қауіпті. Бәсекелестік

салдарынан Денсаулық сақтау министрлігі мен «СК-Фармация» көп зардап шегеді. Өйткені тендерде жеңіліс тапқан бизнесмендер конкурс кезінде заңбұзушылық болды деп шағымданады екен. Елжан Біртанов Берік Шәріповтен мемлекеттік сатып алулар процесін ашық әрі заң аясында ұйымдастыруды талап еткенін айтты. «Берік Шәріповті — сауатты, кәсіби басқарушы. Ол күрделі кезеңмен бетпе-бет келді. Кейде осы қызметтен кеткісі келетінін, кейін тергеудің астында қалауымыз мүмкін дегенді айтатын. Ал мен мұндай болмайды деп сендірдім. Өкінішке қарай, айтықаным келмеді», — деді сотта Елжан Біртанов.

КОСТЮМ ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛДЫ

Сондай-ақ сотта Алматы Орталық қалалық клиникалық ауруханасының бұрынғы бас дәрігері Алмас Джувашев та куәлік етті. Ол да өткен жылы жүзден астам медицина қызметкері коронавирус жұқтырғанын кейін жұмыстан босатылған. Айтуынша, былтыр көктемде желдету жәрдем дәрігерлері жеке қорғану құралдарынсыз қонырауларға шаққаны. «Қалалық Денсаулық сақтау басқармасы 50 ЖҚЗ берді. Біз бюджеттен тыс қаражатқа 540 костюм сатып алдық. Сол кезде костюм тапшылығы болды. Тәулігіне 200-ден астам дәрігер жұмыс істейтін ауруханаға 800-ге жуық костюм керек болды», — деді Алмас Джувашев.

Ұзаққа созылған тергеу ісі бойынша, Берік Шәріпов Inkaq компаниясының мүддесін қорғап, онымен Тизов жеткізуге 8,3 млрд теңге келісімшарт жасаған. Жеткізуші алдын ала төлем алып, бірақ өз міндеттемелерін орындамаған. Борт Қытайдан Қазақстанға жүксіз екі рет оралды. Екі бап бойынша қозғалып, 135 томнан тұрған іс айыпталушының босатылуымен аяқталды. Сот міндет еткен айыппұлды айыпталушы мемлекетке қайтарды-ау. Алайда ауыр індеттің салдарынан ата-анасынан айырылған баланың, баласынан айырылған ата-ананың көз жасын қам сүртпек? Оның үстіне медицинада маман тапшылығы туындап тұрғанда мықты дәрігерлерден ай мен күннің аманында айырылып қалғанымыз өзекті өртеп кеткені рас.

Ескерткіштер: ескілік пен ерсілік



(Басы 1-бетте)

СІРЕСІП ТҮРҒАН «ШЕНЕУНИК»

Жақында Нұр-Сұлтан қаласында Қабанбай даңғылының бойындағы Жаксы-Ушкempiров атындағы спорт сарайының алдында чемпионның ескерткіші қойылды. Мәскеу Олимпиадасының жеңімпазы, әлем чемпионы, Қазақстанның Еңбек Еріне қойылған ескерткішке де көпшіліктің көңілі толып тұрған соқ. Бұл туралы белгілі публицист Қайнар Олжай өзінің Facebook парақшасында жазды. Онда: «Берік Сұлтан бауырымыздың АҚШ-тағы Калифорния өңірінде бір ескерткіш түбінде отырған фотосына қызықтық. Бауыр өзіміздікі ғой, бізді қызықтырғаны — ескерткіш. Соған қарап, біздің елде өлі ескерткіш қоя алмай жүргенімізді мойындадық. Қонаев, Мұқағали, енді Жаксылық. Мойнына бар медалін асып алып, сықпаған костюм киіп, қылғынған галстук талқан «Жақан» еш ұнамады. Өмірде талай қасында жүрді. Сұрхат құрдық, салтанаттарда көрдік. Ол кісі киімге мән беретін шенеуник емес, медальге мән болып соны санап отырған маңғаз емес еді. Балуан еді, кәсіпкер еді, шаруақор еді, қамқор еді, халқына жанашыр еді. Мына мүсінде соның бірінің ізі бар ма? Жақан Олимпиада чемпионы болып, одан кейін спортпен қоштасқан кезде «Лениншіл жас» газеті мақала берді. Тақырыбы қандай! «Кілемнен кетіп барады». Сондағы фото қандай! Бозкілемге қимастықпен мойын бұрып, сыртқа кетіп бара жатқан Ушкempiров. Сол фотоның құны біз үшін мына сіресіп тұрған ескерткіштен мың есе артық» деген еді.

Расында, кәзір кеңес кезіндегідей қатып қалған цензура жоқ. Ол заман қатан сүзгіден өткенін білеміз. Бүгінде таңғаларлық дүние тудыруға мүмкіндік бар. Шығармашылық еркіндік те бар. Ендеше, неге керемет дүние жасай алмай отырмыз?

Бұл сауалымызды мүсін жасау шебері Тілеуберді Бинашевке қойып едік. «Ескерткіштердің бір-біріне ұқсап кетуінің ең бірінші себебі тапсырысқа байланыс-

ты. Оны кім беріп отыр? Әкімдік пе, жеке кәсіпкер ме? Олардың көбі мүсіншіге еркіндік бермейді. Орыстарда мақал бар: «кто платит, тот и заказывает музыку» дейді. Ақшасын төлегеннен кейін соның тапсырысын орындауға тырсады. Оның үстіне, рулық көзқарас деген де бар. Әр ру өзінің батырының басқа батырдан кем болмағанын қалайды. Ескерткіш қою да бизнеске айналып кетті. Олардың бір-бірінен айнымай, ұқсап кетуінің себебі — осы», — дейді.

Мүсінші айтқандай, жалпы елдегі батырлардың көбінің ескерткіштегі бейнесі бір-біріне қатты ұқсайды. Бәрі де аттын үстінде, найзасы қолында, семсері жанында дегендей. «Батырлар көп. Бөгенбай да, Қабанбай да қазақтың батыры. Оларды бір-бірінен жоғары не кемсітіп көрсетуге болмайды. Көшеде тұрған ескерткіштердің барлығы шығармашылық деп қарауға болмайды. Тапсырыспен жасалған дүниелер көп. Ал шығармашылық адамның өз жүрегінің қалауынан туады. Бүгінде көп мүсіншілер тапсырыспен істейді. Бірақ оларда шығармашылық жоқ. Содан кейін тұлғалар аттың үстінде отырғанын жалықты. Өзге де қаһармандар жетерлік», — дейді мүсінші.

МҮСІН ӨНЕРІНІҢ ХАЛІ МҮШКІЛ МЕ?

Біздің ескерткіштердің дені аттың үстінде, тастығуға қойылады. Болмаса, орындыққа отырады. «Аяғы талса, орындыққа отырады, бәлі ауырса, атқа қонады. Іші пысса, кітап оқиды». Мүсін өнерінің елдегі көрінісі осындай. Жақында Нұр-Сұлтанға тағы бір сәулетті ескерткіш тұғырға қонды. Бұл мүсіннің жөні де, жолы да бөлек еді. Ол қоғам қайраткері Жұмабек Төшеновке қойылды. Елі ардақтаған тұлғаны да мүсінші айрықша жасалған. Авторы — мүсінші Ермек Ержанов. Елдегі мүсін өнеріне қатысты сынымызды айтып, сауалымызды мүсіншіге де қойдық.

— Ермек мырза, біздің ескерткіштердің дені бір қалыптан шыққандай, бір-біріне ұқсап кетуінің сыры неде?

— «Бір қалыптан шыққандай» деп айтуға келмес. Бір-біріне ұқсас деуімізге болар. Дегенмен әр мүсіннің жасалуы әртүрлі. Адамның қалыбы бірдей: екі қолы, екі аяғы бар дегендей. Мұндағы ерекшелік — бейнелеуде. Ол үшін ізденіс болуы керек.

— Мүмкін, мүсіншінің оны қалай көретінінде шығар. Жазушы көркем суреттеді, сол секілді мүсінші де суреткер болуы шарт емес пе?

— Әрине, мүсінші оны қалай көреді? Соған да байланысты. Ең алдымен, кез келген тұлғаға ескерткіш қойылар алдында байқау жарияланады. Ол байқауға бір ғана мүсінші қатыспайды. Бірнеше мүсінші эскиз жасауы мүмкін. Сол бейненің арасынан біреуін мемлекеттік комиссия тандап алады. Мәселен, Жаксылық Ушкempiровтің ескерткішін алайық. Оның бірнеше мүсінші жасалды. Жас кезі, бозкілемнің үстіндегі сәті, тағы басқа бейнелері жасалады. Оң шақты жұмыс болды. Солардың арасынан біреуін тандап алып, соған тапсырыс береді. Біздегі ең үлкен мәселе — көркемдік кеңестің болмауында. Мемлекеттік комиссияда бір-екі мүсінші болуы мүмкін. Қалғаны — өзге саланың адамдары. Мысалы, Ресейде комиссияда он адам болса, соның онының да мүсін саласына қатысы бар. Яғни, олар образды көре алады. Мүсінші емес адам мүсінге қалай баға бере алады? Кез келген дайын мүсінге мүсіншінің көзімен қарау керек. Сонда оған қандай қателік бары анық көрінеді. Сол себепті де мүсін өнерінде ізденіс жоқ деген сын-пікірлер пайда болады. Екіншісі — тамыр-таныстыққа жол беру.

Ермек Ержановты мазалайтын тағы бір дүние — талантты мүсіншілердің аздығы. Мықты мамандар жетіспейді. «Бұл да саланы ақсататын дүниелер» дейді мүсінші. Олар «өнерге қызығатындардың саны кемігені» айтып, қалапанады. Керісінше, «дүниенің сонында кетті» деп кінә артады. Кеңес заманында үкіметтің арнайы қалы қалып болған екен. Ол қаулы Суретшілер одағына беріліп, арнайы мамандар тартылатын. Әрі көркемдік кеңес жұмыс істейтін. Ол кеңеске сәулетші, суретші, мүсіншілер кіретін. «Барды бар, жоқты жоқ» дейтін кеңес болған. Сол кеңестің сын тезінен шыққан туындыға сұраныстың болатыны анық. Қазір мүсін өнерінде кәсібилер де, әуесқойлар да жүр. Кәсіби мүсінші мен әуесқойдың жұмысының айырмасы — жер мен көктей. Сапасыз ескерткіштердің көбеюінің бір ұшы осында жатқан жоқ па?

Сондықтан біз ОАР-дағы Нельсон Манделаның бейнесіне қарап, қызығып отырамыз. Болмаса, Исландияның Рейкьявик қаласының көшелерінің бірінде орналасқан «Белгісіз шенеуник» мүсіншіне тандана қараймыз. Атақты «Прозерпинді ұрлау» мүсінші жасағанда Джованни Бернини бар-жоғы 23 жаста екен. Мұндай әлемдегі ерекше мүсіндерге қарап-ақ көз сүйсінеді. Көп нәрсені ұғасын. Керемет! Өзге елдегі мұндай кереметтерге сүйсінгендей, өз еліміздегі ескерткіштерге сүйсінетін кез туар ма екен?!

Айым БЕКТҮР

Ата-аналарды алаңдатқан хаттың күші жойылды

Екпе жайлы елдің пікірі әлі де екіге жарылып тұр. Әсіресе, қызылордалық ата-аналарды Қызылорда облысы Жалағаш аудандық білім бөлімі басшысының мектеп директорларына жазған қызмет хаты қатты алаңдатты. Басшының «Аса шұғыл!» белгісі бар хатында аудандық білім бөлімі санитарлық-эпидемиологиялық орталығының хатына сәйкес 12 жастан асқан балаларға коронавирус инфекциясына қарсы екпе жұмыстарын жүргізу жоспарланғанын хабарлаған.


Аталған хаттың суреті жалағаштық ата-аналардың ортақ чатына түскен. Осыдан соң фотто желіде қызу талқыланып, қоғамдық резонанс туғызды. Кейбіреулері оқушыларға екпе салдыруға қарсы екенін білдіріп, балаларға арналған вакцинаға күмән келтірген.

Құзырлы орындар аталған хатты «фейк» немесе «жалған» ақпарат деп жаба салғысы келгенімен, елі ішіндегі шу басыла қоймады. Амал жоқ, облыстық Білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова мен облыстық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова журналистер алдына шығып, хаттың күші жойылғанын мәлім етті. Аймақтың бас ұстазы ата-аналарды алаңдатып, қоғамды екіұдай пікірде қалдыруға жол берген аудандық білім бөлімі басшысының қызметтік жауапкершілігін қарап, тәртіптік жаза қолданғанын жеткізді.

— Заңға сәйкес, Үкіметтің 24.09.2020 ж. № 612 Қаулысына орай 18 жасқа дейінгі балаларға ата-аналардың келісімінсіз ешқандай екпе жұмыстары жүргізілмейді. Өздеріңізге мәлім, екпе жасар алдында әр ата-анаға келісім парағы беріледі. Арнайы келісімізсіз балаға екпе жасалмайды. Аталған жағдайға байланысты Білім және ғылым министрлігі, Білім басқармасы тарапынан балаларға екпе жұмыстарын жүргізу туралы қандай да бір құжат қабылдаған емес, — деді облыстық Білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова.

Ал облыстық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова «аудандық білім бөліміне жіберілген хаттың мазмұны басқа болатын» деп ақталды.

— Айта кету керек, аталған хат Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес егілетін вакциналар туралы мектептердегі ата-аналар комитеті өкілдеріне ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында мәлімет жинақтау үшін жіберілген. Қазір республика көлемінде 12 жастан асқан балаларды коронавирус инфекциясына қарсы вакцинау мәселесі қарастырылып жатыр. Дегенмен бұл түпкілікті шешілмеген және балаларға арналған вакцина біздің елге



жеткізілген жоқ, — деді облыстық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова.

Тек аудандық білім бөлімінің басшысына ғана тәртіптік жаза қолданып, өздері сүттен ақ, судан таза болмаққа әрекеттенген қос басшы мәселені осылай жылы жаба салмақ болған сияқты. Алайда Instagram әлеуметтік желісіндегі Dauletten парақшасында тағы бір хаттың суреті жарияланғаны олар ескермеген көрінеді. Онда Жаңақорған аудандық бас дәрігерінен Жаңақорған аудандық санитарлық-эпидемиологиялық орталығы басшысының міндетін атқарушы аудан бойынша 12 жасқа толған балалар мен жүкті әйелдердің және соның ішінде КВИ-ге қарсы егілуге тиістілер санын сұратқан.

Атышулы хатқа байланысты Қызылорда облыстық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінен Жалағаш аудандық білім бөліміне осы жылдың 7 қыркүйегі күні жолданған №2216 хаттың мазмұнын сұраған едік. Алайда департамент өкілі редакциядан ресми хат сұратып, содан кейін ғана хат мазмұны туралы ақпарат алу мүмкін болатынын алға тартты.

Жалпы, елімізде шенеуниктер тарапынан қоғамдық пікір туғызатын осындай оқиғалар жиі болып тұрады. Алайда шулы мәселелердің дені сол мекеменің күзетшісі немесе уақ-скелік полиция инспекторының тәртіптік жазасымен аяқталады. Бұл жолғы кезекті оқиға да аудандық білім бөлімінің тәртіптік жауапкершілікке тартылуымен тәмамдалған сияқты.

Ерканат СӨРСЕНБАЙ,
Қызылорда облысы

Пандемия: қасіреттен дәулет жиғандар

(Басы-1-бетте)

Елдос СЕНБАЙ

Кейінгі екі жылда жағдай мүлдем ұшығып кеткен: бірден 1 421 бұзушылық әшкереленді, олар бойынша 1 443 әкімшілік іс қозғалып, жалпы көлемі 260,8 миллион тенге айыппұл салынған. Әрине, бұл тек бегі ашылған қылмыстарға ғана. Суасты иірімдеріндей, жалған дәрі-дәрмектің қара базарының саудасы жасырын қызуда.

Контрафакт тауарлармен күресетін бас орган – Экономикалық тергеулер қызметі, салық төлеуден жалтарушыларды іздейтін Мемкірістер комитеті және ДСМ жүргізген рейдтер кезінде небір былық ашылды. Алматыда цефамед, цефаксон, цефтазидин, физиотенс секілді коронавирус инфекциясының емдеуле қолданылатын дәрілерді қолдан жасайтын цех табылды. Тексерушілер сау ете қалғанда, қоймасында саудаға жеткізілмеген 60 мың дана дәрі жатқан. Күдіктілер қамауға алынды.

Өз кезегінде дәріханалар цефтриаксон, азитромицин, парасетамол секілді сырқаттар аса зәру дәрілерді сатпай, жасанды түрде тапшылық туғызды, сойтіп бағасын еселеп қымбаттату фактісі кездесті. Зансыз схемаға елдегі 650 дәріхана қатысқан. Елордалық дәріханалардың бірі сертификаты жоқ ковид-препараттарды құпия түрде, қосалқы бөлмеден тым жоғары бағаға сатып келген. Ол дәріханадан жалпы сомасы 1,7 миллион теңгені құрайтын 2 811 қорап препарат тәркіленді. Тек Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеулер департаменті жалпы құны қара нарықта 252 миллион теңге тұратын 100 мың бірліктен астам фальсификацияланған дәріні анықтап, тәркіледі.

Өткен жылғы тексеру іс-шаралары қорытындысында әкімшілік жауапкершілікке 1 000-ға жуық адам тартылды. Зансыз айналымнан жалпы құны 1 миллиард теңгеге жуықтайтын жарты миллиондай қорап медпрепарат тәркіленді. Анықталмағаны қанша екені белгісіз.

Өткен жылғы тексеру іс-шаралары қорытындысында әкімшілік жауапкершілікке 1 000-ға жуық адам тартылды. Зансыз айналымнан жалпы құны 1 миллиард теңгеге жуықтайтын жарты миллиондай қорап медпрепарат тәркіленді. Анықталмағаны қанша екені белгісіз.

2021 жылғы тамыздағы жағдай бойынша, елімізде сатуға рұқсат етілмеген дәрілік құралдарды сатудың өзінше тек 12 фактісі әшкереленіп, 12 әкімшілік хаттама толтырылған, 8,1 млн теңге айыппұл өндірілген.

АУРУХАНАДАҒЫЛАР ДА ДӘРІНІ ӨЗІ САТЫП АЛҒАН

Денсаулық сақтау институтының дамытудың Корея институты (KHIDI CISS) сарапшылық агенттігінің мәліметінше, Қазақстанда дәрі-дәрмектің зансыз айналымы 10-12%-ды құрайды. ДСМ дерегіне, «2020 жылы отандық дәрілік құралдар нарығының жалпы көлемі 480 млрд теңгені құрады, демек зансыз айналым 52,8 миллиард теңге деп болжанады».

«Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдардың айналымы саласындағы мемлекеттік бақылаудың қолданыстағы тетігі тым оралымсыз. Себебі ол жалған немесе медициналық қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік құралдарды өткізу фактілерін тек халықтан, заңды тұлғалардан шағым түскенде немесе прокуратура мен құқық қорғау органдарының тексеруі кезінде анықтауға мүмкіндік береді», – деп түсініктеме берді Денсаулық сақтау министрілігі.

Сондықтан 2022 жылдан Қазақстанда дәрі-дәрмектің әрбір қорабын міндетті таңбалау енгізіледі. Яғни, бірегей Data Matrix жапсырмасы жапсырылмаған дәрі-дәрмектер жалған болып саналады.

Негізі, ковид-препараттарға қатысты қалыптасқан жағдай халықтың қабырғасына батып тұр. 13 қыркүйектегі жағдай бойынша, КВИ індетінен 78 512 адам емделуде: 70 184-і – коронавируспен, ал 8 328-і коронавирус пневмониясымен ауырған. Соның ішінде тек 16 345 пациент қана ауруханада ем алып жатыр. Ал 62 167 сырқат үйінде емделуге мәжбүр. Яғни, ондаған мың адамға ковид дәрі-дәрмектері өз қаражатына алуға тура келеді. Себебі мобилді бригадалар келгенінен өзінде екі түрлі дәріні ғана тастап кетеді. Қалғанын науқас өзі сатып алуы керек.

Шымкент тұрғыны Бақыт



Үсенқызы ата-анасы ауруханада жатса да, оларға аса қымбат дәріні өз қаражаттарына сатып алуға мәжбүр болғанын әңгімелейді. Оның 70 жастан асқан әкесі мен анасы биыл тамыз айында індетке душар болады.

«Шымкенттегі Nazmed медициналық орталығына жатқызылды. Өкпелерінің қабынуы 30%-ға дейін жетті. ПТР-тест оң нәтиже көрсетті. Ауруханаға түскенге дейін ата-анам өз бетінше жүріп тұратын, тыныс алатын. Тек жөтел қысып, қызу түспей қойды. Алайда апта ішінде күн өткен сайын жайкүйі нашарлай берді. Ақырында оттегісіз демала алмайтын жағдайға жетті. Хабарласқанымызда, ата-анамыз медперсоналдың шақырғанда келмейтініне, өзі сұрамаса науқастардың қызуы мен қысымын өлшемейтініне шағымданды. Аурухана іші лас, антисанитария. Емдеуші дәрігері ноли-пред және ремдесивир дәрілерін сатып алуымыз керектігін айтты. Оны ұзақ іздеп, ремдесивирдің – 12 флаконын, солу-метилдің 3 флаконын, жалпы сомасы 252 мың теңгеге сатып алдық», – дейді ол.

Жалпы, цефтриаксон (цеф-3, цеф-4) секілді коронавирусты емдеуге арналған бастапқы препараттар көмектеспесе, дәрігерлер

тілімен айтқанда, науқастың ауруы мендеп, «екінші толқын» басталса, ақ халаттылар ремдесивир секілді препараттарға жүгінеді. Дәрігерлердің мойындауына, бұл – эксперименталды дәрі, оның нәтижелері мен тиімділігі әзірге толық қанды зерттелмеген. Алайда сырқатты аман алып қалу үшін олар амалсыз соны қолдануға барады.

ҚАНША ШЕНЕУНІК ЖАЗАЛАНДЫ?

Коронавируспен күреске біраз қаражат бөлініп жатқанына қарамастан, Үкіметтің сырқаттарды ең құрығанда бірінші кезекте жеткізуді қамтамасыз ете алмай отырғаны қынжылтады. Ал осы қаражаттың қолды болуы қоғамның ашуын туғызды.

Есеп комитеті COVID-19 індетімен күреске бөлінген қаражаттың жұмсалыуына аудит жүргізе келе, 355 миллиард теңгенің бұзушылығы анықталды. Бірақ ол пандемияға қарсы төгіліп жатқан қаржы тасқынын толыққанды тексере алмаған.

«6,9 триллион теңгенің 4,5 триллионы тексерілді. 355 млрд теңгенің бұзушылығы әшкереленді. Тағы 243 млрд теңге Үкіметпен бірлескен жұмыс нәтижесінде басқа бағыттарға қайта

бөлінді», – деді Есеп комитетінің төрайымы Наталья Годунова. Дегенмен ол сонша ақшаның қалай талан-тараж болғанының егжей-тегжейін айтпады.

Назар аударар жайт, осы қылмыстар үшін әзірге биік лауазымды тұлғалар сотталған жоқ. Денсаулық сақтау экс-министрі Елжан Біртанов 14 қарашаға дейін ары қарай үй қамағында отырады, сыртқа шығуына, туысқандарымен кездесуіне рұқсат. Рас, оның қамауға алынуына пандемияның қатысы жоқ: бұрынғы министр және оның орынбасары Олжас Әбішев «министрліктің жұмысқа жарамсыз ақпараттандыру тұғырнамасын қабылдап алған» деп айыпталуда. Сондай-ақ санавиация ұшақтарын жеке мақсаттарына пайдаланған деседі.

«СҚ-Фармация» басшылығы да жеңіл құтылды: бірыңғай дистрибутордың экс-басшысы Берік Шәріп те 11 ай ізолаторда отырғанымен, сотталмай, бостандыққа шықты. Ол Қытайдан КВИ-ге қарсы қорғаныс костюмдерінің жеткізілімін жарға жықты деген күдікке ілікті. Салдарынан 2020 жылдың ортасына дейін көптеген медицина қызметкері коронавирус жұқтырды.

Жалпы алғанда, Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі пандемия кезеңінде 100-ден аса қылмыстық іс қозғаған. Оның жартысы ақша ұрлаумен байланысты болған. 132 өкпені жасанды желдету аппаратын нарықтық бағасынан 2 миллиард теңгеге қымбат сатып алудың жолы кесілді.

«Халық үміт артқан, билік өкілеттіктерін жүктеген адамдар – жекеменшік принципсіз шенеуніктер мен топ-менеджерлер пандемия кезінде не Құдайдан, не заңнан қорықпай, өз лауазымдарын жоғары табысты төл бизнесін дамытуға, бюджет қаржысын ұрлауға, жүйелі түрде пара алуға пайдаланды. Халықтың қасіретінен байлық жию сатқындық пен кісі өлтіруге тең!» – деді антикордың биылғы алқа отырысында сол кездегі төрағасы Алик Шпекбаев. Өйткенмен, артында өзі отставкаға жіберілді.

Қолда бар дерекке жүгінсек, 2020 жылы әртүрлі деңгейдегі 210 басшы қылмысы үшін жазаға тартылған. 25 аса ауыр және 1 368 ауыр қылмыс, сондай-ақ жүйелі коррупцияның 112 фактісі әшкереленген. Сотта ұйымдасқан қылмыстық топ құру туралы 4 іс қаралып жатыр. Алайда оның көбі сотта шашылып қалды. Антикор Президенттің тапсырмасымен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорындағы ақша ұрлау фактісіне қатысты сотқа дейінгі тергеуді бастаған-тын. Бірақ артында оның экс-басшысы Айбатыр Жұмағұловқа ешқандай тағар айыбы жоғын жария етті. Осылайша, ұсақ лауазымдағылар жауапкершілікке тартылғанға ұқсайды. Кем дегенде, 481 шенеунік тәртіптік жазамен құтылған. Қорытынды және толымды статистика әлі күнге жоқ.

Қалай болғанда, пандемия аяқталғанды билік онымен күреске қанша ел қаржысы жұмсалғанын, оның қайсысы ел игілігіне айналып, қайтарым бергенін, ал қанша миллиардты ұрлауып кеткенін ашып айтып, үлкен есеп берсе жөн. Бұл демократияға және «Халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына толық сәйкес келсе керек.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың мұңын кім ойлайды?



Жақында елордада мүмкіндігі шектеулі бір топ Үкімет үйінің алдына арызданып барды. Олар мемлекет тағайындаған жәрдемақының күнқорытынды жетпейтінін айтып шағымданды. Асуға булыққан кейбіреулері Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шәпкеновтің отставкаға кетуді талап етті.

Дәулет АСАУ

ЖӘРДЕМАҚЫ ҚАЙ ЖЫРТЫҚҚА ЖАМАУ БОЛАДЫ?

Бүгінде Қазақстанда 705 мыңнан астам мүгедек бар: 430 мыңы – еңбекке қабілетті, 181 мыңы – зейнет жасында, 94 мыңы – 18 жасқа дейінгі балалар. Соңғы бес жылда мүмкіндігі шектеулі адамдар саны 7,5 пайызға артқан. Министрліктің дерегіне сүйенсек, 2021 жылғы қантар-тамыз айлары республикалық бюджеттен мүгедектің бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуге 206,6 млрд теңге бөлінген. Бір қарағанда көп қаржы сияқты, бірақ бұл соманы мүгедек адамдардың жан басына шаққанда 49 375 теңгенен айналады. Қазіргідей қымбатшылық заманда мүгедек адамның бұл ақшаға өмір сүруі мүмкін бе?

Кейінгі үш жылда республикада ерекше қамқорлықты қажет ететін адамдарға берілетін мемлекеттік көмек әр жыл сайын 5 пайызға өсіп отырған. Яғни, I топтағы мүгедектің жәрдемақысына жылына – 3 400 теңге, II топтағы мүгедектің жәрдемақысына – 2 600 теңге, III топтағы мүгедектің жәрдемақысына 1 700 теңге үстеме қосылып келген. Сонда қазір I топтағы мүгедектер – 65 860 теңге, II топтағы мүгедектер – 52 483 теңге, III топтағы

мүгедектер 35 675 теңге алады. Ал ас-су мен көпшілік күнделікті тұтынатын тауарлар мен қызметтердің құны ай сайын қымбаттап жатыр. Тек азық-түліктің өзі бір жылда 30 пайызға өскен. Сонда Үкіметтің мүгедектердің жәрдемақысына қосқан 2-3 мың теңге үстеме ақшасы қай жыртқыққа жамау бола алады?!

Қаржыгер Арман Мусиннің айтуынша, мемлекет мұндай санаттағы азаматтарын қамқорлыққа алуға міндетті. Алайда Үкімет мүмкіндігі шектеулі жандарға қажетті жағдай жасап бере алмай отыр. «Қазіргідей инфляция кезінде халықтың әлеуметтік әл-ауалы көп төмендеп кетті. Жаппай қымбатшылық, әсіресе мүгедек жандарға ауыр тиді. Сол себепті олардың жәрдемақысын 30 пайызға дейін көтеру керек», – дейді ол.

«Мүгедектің үш 52 мың теңге жәрдемақы аламын. Жәрдемақыны не тамағымға, не коммуналдық төлемге, не дәріме жеткізе алмаймын. Әйтеуір, өлместің күнін көріп келеміз, Үкіметтен еш қайыр жоқ», – деп күйінеді Мәлік Сабырханов.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨМЕКТІН САПАСЫ ҚАНДАЙ?

Сондай-ақ мұқтаж жандарға мемлекеттен берілетін мүгедектер арбаларына қатысты айтылар сын көп. Мүмкіндігі шектеулі бала асырап отырған Әлия Сәбитованың да мемлекет көмегінің

сапасы нашар, қолдануға қолайсыз екенін айтты. Ол бытыр өздеріне берілген арбаны қолайсыздығын өз алдына, оның өлшемі баласы түгелі өзіне үлкен екенін айтып шағымданды. Сөйте тұра, оның шарт бойынша енді 5 жыл бойы мүгедектерге арналған басқа арбаны сұратуға қақысы жоқ көрінеді.

«Мен қолданысқа ыңғайлы әрі өзіне шақ етіп қоюға болатын сапалы арбаны көп іздедім. Олардың бағасы 500 мың теңгеден кем түспейді. Мұндай арбаны Оттобоск фирмасынан таптым. Бірақ мұндай ақшаға арба сатып алуға әркімнің жағдайы жете бермейді. Сондықтан достар, сіздер әлеуметтік желіде мүгедектер көмек сұрап жатса, өтінімін, көмектесіңіздер. Өйткені мемлекеттің мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетіп отырған көмегі мардымсыз. Тек алаяқтарға ұрынып қалмаңыздар! Қазір қасында ондайлар көбейіп кетті», – деп қынжылды ашынған ана.

Ал мемлекет мұндай қымбат арбаларды сатып алмайды. Мүгедектердің жағдайына жауапты шенеуніктер арбаның арзанына жүгіреді, соған қарағанда олар үшін арбалардың сапасы емес, саны маңызды сияқты. Құдай бетін аулақ қылсын, адам дүл мұндай ахуал өз бастырына туғанда ғана олар мүгедектердің мұқтажлығын шын сезінер еді. Қазақ «Басы ауырмасын қасында жаны ашымас» деген бар. Өйткені біздегі шенді-шекпен шетелде емделеді, шетелдің сапалы медицинасына жүгінеді. Бұған олардың жағдайы бар, жиған-тергені жетеді, ал қалтасы тесік қарапайым халық қайтпек?!

Ол ола, мүгедектер тіпті коронавирус індетіне байланысты елімізде карантин жарияланған кезде де мемлекеттің қолдауын сезіне алмаған. Мәселен, Ресейде пандемия уақытында мүгедектерге мемлекет тарапынан белгіленген жәрдемақыға қосымша федералдық бюджеттен 12 900 рубль, облыстық бюджеттен 28 600 рубль, аудандық бюджеттен 2 821 рубль көлемінде үстемеақы төлеп тұрды. Ал Қазақстанда пандемияға байланысты мүмкіндігі шектеулі жандарға 10 600 теңге ғана берілді. Онда да республикалық бюджеттен емес, Нұр-Сұлтан мен Алматы қалалары бойынша жергілікті бюджеттен төленген. Басқа облыстар бұл төлемді төлей алмаған.

МҰҚТАЖ ЖАНДАР ӨЗ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУҒА НЕГЕ ДӘРМЕНСІЗ?

– Мүмкіндігі шектеулі жандардың проблемасын айтып, талай есікті тоздырдым, мәселені шешудің жолын айтып,

ұсыныс жасадым, бірақ көпшілігі аяқсыз қалады. Әлбетте, жоғары биліктің кең кабинеттерінде мүгедектер мәселесі көтерілмейді емес, көтеріледі, бірақ олар іс жүзінде шешілмей, тек қағазда көрсетілген. Шенеуніктер мүгедектер проблемасын жабық есіктердің ішінде, біздің қатысуымызсыз өздері талқылайды. Бірақ одан шыққан дұрыс нәтижелерді көріп отырғанымыз жоқ. Мені шенеунік азаматтардың, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтік мәселесіне бейжай қарайтыны қатты алаңдатады, – деді «ELAMAN» әлеуметтік инновациялық жобалар қоры» қоғамдық қорының жетекшісі Алмас Ержан.

Қоғамдық қордың мүмкіндігі шектеулі жандардың тіршілік-тұрмысына қатысты көтеріп отырған мәселелері шаш етекпен. Ол әлеуметтік кәсіпкерлікке, тұрғын үй мәселесіне, инвентарға, мемлекеттік органдар қызметтерінің қолжетімділігіне, тағы басқа жан-жақты жайты қамтиды. Ал айта берсең, мүгедек жандардың мұқтажлығы көп.

Алмас мырза мәселені екінші жағы бар екенін де айтады. Ол мүмкіндігі шектеулі жандар үйде отырып күнделік бермей, Үкіметке батыл талап қоюы тиіс. Мәселен, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жергілікті мәслихаттарға, Парламент Мәжілісіне сайлануларына квота бөлінді. «Осы заң бойынша берілген мүмкіндіктерді пайдаланып, Үкіметтің құлағына мүгедектердің мұқтажлығын жеткізу керек, сондай-ақ атқарушы биліктің әр тармақтарында біздің өз өкілдеріміз отыруы қажет. Сонда ғана мүгедектер проблемасы оң шешіле бастайтын болады. Біз өз құқымыз үшін күресуіміз керек», – деді қоғамдық белсенді. Мынау қасаң қоғамда мүгедектерге өз мүдделері үшін күресудің жеңіл болмайтынын түсінетінін жеткізді.

ЕНБЕКПЕН ҚАМУДА НЕ ЕСКЕРЛІК КЕРЕК?

Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарды еңбекпен қамту ісінде де кілтпап көп. Тағы да сол Еңбек министрлігінің дерегіне жүгінсек, қазір елімізде 85,5 мың мүгедек жұмыс істейді, олар негізінен III топтағылар. Әлбетте, мемлекеттің мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамтуға көңіл бөліп отырғаны қуантады. Дегенмен бұл еңбекке жарамды мүгедектер бестен бір бөлігі екенін ескере сәлдет кеткен артық емес. Сөйте тұра, олар

дың физиологиялық ерекшеліктерін де ескерген жөн. Республиканың зейнетақыға байланысты заңнамасында адамның денсаулығына байланысты әлдебір арнайы жеңілдіктер қарастырылмаған. Мүгедектер тұрмақ, денсаулығында ақауы жоқ қатардағы адамдардың өзінің жасы ұлғайған сайын жұмыс істеуі қиындай беретіні белгілі. Ал созылмалы кеселі, кінәраты бар жандардың осы шақта жұмыс істеуі әлденеше есе ауыр. Тіпті, зейнетақы жасына жете алмай о дүниелік болып арманда кетіп жатқандары қаншама?! Алайда мүгедек жандар жанын азаптап жүріп, 63 жасқа дейін жұмыс істеуге мәжбүр. Олардың бұдан басқа амалы жоқ, өйткені Үкіметтің мүгедектерге беретін жәрдемақысына жан бағу мүмкін емес екенін көріп отырсыздар. Мүгедектер 63 жасқа жеткенше жұмыс істемейтін болса, ең төменгі зейнетақымен ғана қалады.

Сәуір айының соңына таман бір топ мәжілісмендер мүмкіндігі шектеулі жандар үшін зейнетақы жасын төмендету туралы мәселе көтерген болатын. Депутаттар бұл санаттағы адамдардың мәселесін кешенді түрде шешу қажет екенін және бұл олардың зейнеткерлікке шыққаннан кейін де жұмыс істеуіне қуқынан айырма керекін айтты. Өйткені кейбір мүгедектер, әсіресе ауылдық жерлерде зейнеткерлікке шыққаннан кейін де жұмыс істей береді. Осы жағы да назардан тыс қалмауы тиіс. Сондықтан «артық қыламын деп тырытқы қылып алмаудың» жайын ескеру қажет. Депутаттар мүмкіндігі шектеулі жандарды ерте жастан зейнетке шығаруға арналған заң жобасын әзірлегенде олардың диагнозын, денсаулық жағдайын, еңбек түрі мен басқа да жайттарды егжей-тегжейлі сараптау керектігін айтып, Үкіметке сауал жолдады.

Сөз соңында айтарым, Еуропа мен АҚШ-та мүмкіндігі шектеулі жандарға деген қамқорлық ерекше. Оларға кез келген мемлекеттік органдардың қызметі қолжетімді. Өркеніетті елдер мен Қазақстандағы мүгедектерге деген көзқарасы мүлдем салыстыруға келмейді. Еуропаның кез келген мемлекетінде мүгедектерге берілетін жәрдемақының көлемі біздің елмен салыстырғанда 10-20 есе көп. Оны айтсаңыз, Германияда көшеде жүрген маскүнем қаңғыбас адамдардың өмір сүруіне мемлекет тарапынан бөлінетін қаржыны біздің ақшаға айналдырғанда 80 мың теңгенен асып түседі екен. Бұдан кейін не деуге болады?!

Ақмолада аурухана неге жабылды?



Індет күшейіп, коронавирус жаналқымнан алып жатқанда Ақмола облысының Степногорск қаласының ірі ауруханаларының бірінде болған жағдайда өңір жұртшылығы жағасын ұстап отыр. Степногорск қаласында туберкулез дертіне қарсы білдей өкпе-терапиялық бөлім толықтай жабылып тынбақ. Ал ауруханада жұмыс істейтін 39 медицина қызметкеріне жұмыссыз қалу қаупі төнген.

Медициналық мекеме қызметкерлеріне жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек келісімшартының бұзылатыны туралы хабарландыру берілген. Қайда барып жұмыс табарын білмей дағдарған дәрігерлер мен медицина қызметкерлері облыс әкімдігіне дейін өздерінің шағымхаттарын жолдапты. Алайда мәселенің шешімі түрі көрінбейді.

Степногорск өкпе-терапиялық бөлімі — Қоңыратбек Құрманбаев атындағы Көкшетау қаласындағы Ақмола облыстық фтизиопульмонология орталығы құрамындағы ірі медициналық ұйым. 30 кереуеттік туберкулез ауруларын емдейтін медицина мекемесі Көкшетау қаласындағы туберкулез ауруханасына коронавирус пандемиясымен науқастанғандар орналастырылғандықтан туберкулезбен ауырғандар толықтай Степногорскке жіберілетін.

39 МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛА МА?

Аурухананың жабылатыны туралы хабар аурухана ұжымына төбеден жай түсіргендей әсер етіпті. Бөлім дәрігерлерінің пікірінше, коронавирус пандемиясы күшейген жағдайда Степногорсктегі өкпе-терапия бөлімі жабылса, туберкулезбен ауыратын адамдарды орналастыратын жер табылмау қаупі төнеді.

«Біз аурухананың жабылатыны туралы Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасы мен облыстық фтизиопульмонология орталығы бұйрықтары бойынша жұмыс берушінің «Туберкулез орындарына оңтайландыру жүргізетіні туралы хабарды 10 қыркүйек күні алдық. Жұмыс берушінің бастамасымен еңбек келісімшарты 15 қыркүйектен бастап бұзылатынын білдік. Елімізде туберкулез аурулары асқынып тұрғанда бұлай еткендері жөн емес деп санаймыз. Егер коронавирустың төртінші толқыны болған жағдайда туберкулез ауруларын емдейтін орын қалмайтын жағдайға әкеліп соғуы мүмкін. Осы жылы біздің бөлім толық жүктемеде жұмыс істеді. Жоспардың орындалуы 123 пайызға, ал туберкулез ауруларын емдеу тиімділігі 95-96 пайызға жетті. Бұл біздегі емдеу мен медициналық қызмет сапасының жоғары екенін көрсетпей ме?! Қаладағы өкпе-терапиялық бөлімнің жабылуы коронавирус пандемиясының да, туберкулез ауруларының да деңгейі өсіп келе жатқандықтан өте үлкен катастрофалық жағдайға әкеліп соғуы бек мүмкін», — дейді мекеме дәрігерлері.

Мекеме ұжымының айтуынша, Степногорск өкпе-терапиялық базасында туберкулезбен және COVID-19 науқастарымен ауырғандар үшін оңалту орындарын

қойған тиімді болмақ. Алайда жоғары басшылық тарапынан бұйрықты таныстыруға да келмеген.

БҰЙРЫҚТЫ ТАНЫСТЫРУҒА БАСШЫЛЫҚТАН ЕШКІМ КЕЛГЕН ЖОҚ...

«Емдеу мекемесін жаппаған жағдайда біз жоғары білікті кадр құрамы мен материалдық-техникалық базаларымызды да сақтап қалатын едік. Егер өкпе-терапиялық бөлімі қысқартылса, 39 жоғары білікті маман жұмыссыз қалмақ. Бір өкініштісі — ұжымды бұйрықпен таныстыруға Денсаулық сақтау басқармасынан да, облыстық фтизиопульмонология орталығының директоры да, орынбасары да келген жоқ. Бізге тек бұйрыққа сәйкес жауапты тұлғалар болып табымайтын заңгер, экономист пен кадр бөлімінің қызметкерлері ғана жолданды. Олар тек қысқарту туралы бұйрықты оқып берді. Жалғызбасты аналарға,



көпбалалы аналар мен мүгедек балалары бар аналарға Көкшетау қаласына тұрғын үй мен белгілі бір жұмыс орын ұсынусыз жұмысқа тұру ұсынылды. Ал қызметкерлердің көпшілігі осында 20 жылдан артық жұмыс істеп келеді. Олардың көбінің әлеуметтік жағдайы төмен, енді тіпті жағдайы мүшкіл болуы мүмкін», — дейді аурухана ұжымының қызметкерлері.

Аурухана қызметкерлерінің айтуынша, жұмыссыз қалуы мүмкін қызметкерлерді Степногорск қаласында тұрғылықты жеріне қарай жұмысқа орналастыру бойынша облыстық орталықтың басшысы Махашев ешқандай бастама жасамаған. Дәрігерлер «мәселені қалайық әкімдік, «Nur Otan» партиясы мен Степногорск қаласы медициналық мекеме басшылары бірлесіп шешсе» дейді.

МЕКЕМЕНІҢ КЕРЕУЕТТІК ЖҰМЫС ҚҰАТЫ ТОЛЫҚ ОРЫНДАЛМАДЫ

Мекеме ұжымы толық жүктемеде жұмыс істеді дегенімен облыстық Денсаулық сақтау басқармасы мұнымен келіспейтінін бірден аңғартты. Басқарма басшысы мүлде кереғар пікір білдірді.

«Степногорск өкпе-терапиялық бөлім базасында туберкулез науқастарын емдеуге арналған 30 кереует стационар орналастырылған. Қазір бөлімде 30 науқас емделіп жатыр. Емделушілер 4 қабатты ғимараттың тек 1 қабатында ғана орналасқан. Қуаты 70 кереуеттік бөлім жұмысы 2018 жылы тек 69,1 пайызға, 2019 жылы 39,3 пайызға ғана орындалған. Кереуеттер жұмысы тиімсіз болуына байланысты бөлімнің кереуеттік қуаты 30 кереуетке дейін қысқартылған. Соның өзінде өткен жылдың қорытындылары бойынша кереуеттер жұмысы тек 83,1

«Қазір 70 орындық Көкшетау қаласындағы өкпе-терапиялық бөлімде 26 адам ғана жатыр. Яғни, кереуеттер бос қалуы әбден мүмкін. Степногорсктегі барлық науқасты қабылдау мүмкіндігі бар. Бюджет қаражатының тиімсіз пайдалануын болдырмау мақсатында Степногорсктегі өкпе-терапия бөлімінің одан әрі жұмыс істеуі тиімсіз болып отыр. Өйткені бөлімді ұстауға жыл сайын 200 миллион теңгеге жуық ақша жұмсалады. Осыған байланысты емдеу мекемесін оңтайландыру туралы шешім қабылданды. Қазір кәсіпорын әкімшілігі Степногорск қаласындағы медициналық ұйымдар мен мекеме қызметкерлерін жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша келіссөздер жүргізіліп жатыр. Мекеме қызметкерлеріне балама жұмыс орындары ұсынылмақ», — дейді Ақмола облыстық фтизиопульмонология орталығының директоры Жұмабек Махашев.

Біз мәселе жөнінде Степногорск қаласы әкімінің пікірін білуге ұйғардық. Алайда қала әкімі жаналықты тек жақында ғана әлеуметтік желілерден естігенін, ал медициналық мекеменің жұмысына ешқандай қатысы жоғын алға тартты.

«Мен бұл туралы ештеңе білген жоқпын. Қаладағы өкпе-терапиялық бөлімнің жабылатыны туралы интернет желілерден оқып қалдым. Бірден облыстық Денсаулық сақтау басқармасына, облыстық фтизиопульмонологиялық орталық басшылығына хабарластым. Олар ертең келіп барлық жағдайды түсіндіретінін айтты. Емдеу мекемесінің жұмысына біздің еш қатысымыз жоқ. Барлық мәселені облыстық Денсаулық сақтау басқармасы шешеді», — дейді Степногорск қаласының әкімі Еркебұлан Баяхметов.

P.S. Сонымен, әзірге Степногорсктегі жұмыссыз қалу қаупі төнген 39 бірдей медицина қызметкерінің қайда жұмысқа орналастырылатыны әзірге белгісіз. Ал туберкулез бен коронавирус пандемиясына шалдыққан науқастары одан әрі көбейген жағдайда не болмақ? «Оңтайландырамыз деп жүріп, омақасып қалмаймыз ба?» деген сауал өңір тұрғындарын да мазалап тұр...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Шымкентте өрт көп

Шымкент қаласында соңғы күндері үлкен-үлкен нысандарда жойқын өрт шығып, көпшіліктің назарын аударды. Әсіресе, 26 тамыз бен 5 қыркүйек аралығындағы, яғни баржоғы 10 күннің ішінде бірінен соң бірі болған өрттен кейін ел едәуір үрейленіп-ақ қалды.

Алдымен биыл ғана ашылған цитадель аумағындағы «Шымқала» этноауылын өрт шарпыса, одан соң дәл әкімдіктің жанындағы 9 қабатты үй жалынға оранды. Тілісіз жау мегаполисте ең үлкен сауда, ойын-сауық орталықтарының бірі — «Фиркан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қоймасына да ауыздық салды. Артынша өңірдегі көне болса да, маңызын жоймай келе жатқан көтерме және бөлшек-сауда орталығы «Қырғи базардан» өрт шықты. Үшеуі де қоғамдық орын. Көп ұзамай демалыс күндерінің біріндегі түскі уақытта Еңбекші ауданы аумағынан шыққан қою қара түтіннің Желтоқсан көшесіндегі жеке үйдің қорасынан шыққанын естідік. Қорадағы 16 қой да сол жалынның ішінде қалып қеткен.

Ал маусым айының ортасында теміржолдың бойындағы жүк вагоны өртеніп, өртсөндірушілерді біраз әбгерге салған болатын. Кешкі сағат 19 шамасында теміржолдың бойында өрт шығып жатыр деген хабарды естіп, жедел жеткен төтеншеліктер Көксай-3 көшесі маңындағы 23-теміржолда жөндеу жұмыстары үшін бөлек тұрған жүк вагонының көк түтінге оранып жатқанын көреді. Тез арада оқшауланған нысан 10 минутта оттан арашалады.

Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, «Шымқала» этноауылы аумағынан өрт шыққаны туралы хабарлама 26 тамыз күні түнгі 1-ге таяу түскен. Өртсөндірушілер жалын шарпыған аймақпен жарты сағаттай арпалысып, отты толығымен сөндірді. Кейін белгілі болғанда, мұнда этноауыл аумағында орналасқан көлемі 80 шаршы метр бастырма мен көлемі 8 шаршы метр қора-



ның қамыс төбе жаппасы жанғаны анықталған. ТЖД бастығының орынбасары Аманбек Бейсембаевтың айтуынша, бұл нысан әкімдіктің меншігі емес, мұнда әлі құрылыс жұмыстары бітпеген. Сондықтан төтеншеліктер осынау аумақты әлі қабылдап алмапты. Шығындары есептеліп жатқанын айтады.

Осы тұста айта кетейік, кейбір әлеуметтік желі белсенділері этноауылды өртеу қолдан ұйымдастырылуы мүмкін деген жорамал айтады. Себебі дәл қазір осы кешенге кеткен қыруар қаржыға байланысты кейбір лауазымды тұлғаларға тексеру жүргізіліп жатыр екен. Жұмсалған ақшаның артын жабудың әлегі деп баға бергендер де бар. Кім білсін, әйтеуір өңірде соңғы кездері мәдениет саласына қатысты дау бітпей қойды. Сондықтан жел сөз болса да, жаны бар ма деп қаласыз...

27 тамыз күні екі бірдей үлкен өрт болды. Кешкі сағат 18-де шамасында қалалық әкімдік маңындағы 9 қабатты жаңа үйлердің бірінен будақтап шыққан от осынау үйге жапсарлас салынған бірнеше үй тұрғындарын өп-сәтте әбгерге салып қойды. Өртсөндірушілер 55 шаршы метр алаңдағы сыртқы қаптама мен 18 шаршы метр пәтердегі асхана жанып жатқанын анықтаған. 28 адам қауіпсіз аймаққа көшірілген. Аманбек Алтынбекұлының айтуынша, аталған көпқабатты үйдің сыртқы қаптамасы тез жанатын құрылыс материалынан салынды. Сондықтан жалын көзді ашып-жұмғанша біраз

аумақты жайпап үлгерген. Зардап шеккен үйдің сыртқы қаптамасы мен тұрғын үй заттары үшін келген шығын — 5 млн 720 мың теңге. Артынша кешкі сағат 20-лар шамасында «Орталық қырғи базар» аумағында 4 сауда дүңгіршегінің отқа оранғаны туралы хабарлама келген. Базар аумағында дәрхана, 2 азық-түлік және 1 тұрмыстық химия заттар дүңгіршегі жанған. Бүгінде өрттің себептері әлі анықталып жатыр. Ал шығын көлемі — 5 млн теңге мөлшерінде.

Үш күннен кейін шымкенттіктерді шошытқан тағы бір өрт оқиғасы тіркелді. Қала шетіндегі аумағы бірталай жерді алып жатқан сауда және ойын-сауық орталығы «Фиркан» өртеніп жатыр» деген дақпырт талай жерге тарап үлгерді. Алайда абырой болғанда мұнда орталықтың өзі емес, суындар мен минералды су қоймасында өрт шыққан екен. Дегенмен тігізген зардап аз емес. ТЖД бастығының орынбасары мұны биыл жыл басынан бері өңірде болған ірі өрттердің бірі санайды. Өртсөндірушілер тілісіз жаумен екі сағат бойы арпалысқан. 927 шаршы метр болатын минералды суындар сақтайтын қоймада болған өрттің шығын көлемі 50 миллион теңге болып отыр.

Ал төрт күннен соң Еңбекші ауданына қарасты Желтоқсан көшесіндегі тұрғын үйге жапсарлас салынған 100 шаршы метр болатын қора толығымен жанып кеткен. Өкінішке қарай, ондағы 400 орам шөп пен 16 уақ малдың күлі қалған. Ыстық жалын тұрғын үйдің де шатырын отқа орады.

Біз өңірде болған осынау алапат өрттердің неге жиі-жиі шыққанын білмек болып, Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментіне хабарласқан болатынбыз. Департамент басшысының орынбасары Аманбек Бейсембаев жыл басынан бері ірілі-ұсақты 116 өрт оқиғасы тіркелгенін айтты. Жалпы, келген шығын 420 миллион теңге. Қайтыс болғандар жоқ. «Өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 10 оқиға аз тіркеліп отыр. Дегенмен жыл басынан бері 8 ірі өрттің болғанын атап өтуге болады. Оның бірі — наурыз айында болған «Тұлпар» автокөлік қосалқы бөлшектер сататын дүңгіршегіндегі жалын. Шығыны 60 миллион теңге болған ең ірі өрт оқиғасы — осы. Одан бөлек, олардың қатарында «Сайдығаны» сауда қатары, «Атамирас» бизнес орталығы, Стосус сауда орталығы, мақта қалдықтары жиналатын ғимарат та бар. Олардың барлығы бойынша істі полицияға өткізгенбіз. Қылмыстық құрамы баржоғы зерттеліп жатыр», — дейді Аманбек Алтынбекұлы.

Департамент басшысы орынбасарының айтуынша, өрттің шығу себепінің басым бөлігі, яғни 80 пайызы электр сымдарының қысқа тұйықталуынан екен. «Қысқа тұйықталу кезінде электр энергиясының қажетсіз жұмсалыуымен қатар ток көзі де істен шығып, бұл кезде пайда болатын күшті токтар сымдарды қатты қыздырып, өрт тудырады», — дейді ол.

Жалпы, шымкенттік өртсөндірушілер барлық жағдайға сақатай сай екенін атап өтті департамент басшының орынбасары. Соңғы жылдары жергілікті билік тарапынан ерекше көңіл бөлініп, материалдық-техникалық жағдай едәуір жаңарып, жақсарғанын да жасырмады.

Иә, тілісіз жаудың қашан, қай уақытта болатынын болжау мүмкін емес. Лайым болмасын! Дегенмен соңғы кездері сауда нысандарында көбейген от шарпу жағдайлары ел арасында әдейі, қасқана ұйымдастырылған деген түсінікті ұлғайтып келетіні де жасырын емес...

Назгул НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы



Батыр ескерткіші жаңарды

Қарағанды қаласындағы Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтің ескерткіші қайта жаңартылды. 1958 жылы қойылған ескерткіш авторлары — Анатолий Билык пен Юрий Гуммель. Монументтің биіктігі — 9 метр. Ескі шойын мүсінді «КазАрт Қазакстан көркемөнер комбинаты» ЖШС қоладан қайта қойды. «Жеміне шүйліккен сұңқарша сұсты» сомдалған ескерткіштің салмағы 2 тоннаға жуық.

Отан үшін жанын пиде еткен батыр мүсіні Қазақстанның тарихи ескерткіштер қатарына енді.

Ескерткіштің ашылу салтанатына Қарағанды Суретшілер одағының, тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығының қызметкерлері, қала әкімінің орынбасары Хәлел Әкімжанов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова және тағы басқа зиялы қауым өкілдері мен батырдың жиені Әбубәкір Әбдіров қатысты.

— Әулетіміз үшін аталған іс-шара өте маңызды. Батыр баба ескерткіші ел жадында мәңгі сақталарына сенеміз. Осы ескерткіштің қалпына келтіру жұмысы басталғалы комиссия мүшелері маған жиі хабарласты. Эскиздерді көрсетіп, жұмыс барысын баяндап отырды. «Еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін» танытын батыр ескерткіші керемет болып шыққан, — деді отставкадағы полковник Әбубәкір Әбдіров.

Бұған дейін батыр тізгініндегі ұшақтың штурвалының бір бөлігі

құлап, Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығының қызметкерлері мамандар мен мүсіншілерге жүгінді. Мамандар өз кезегінде ескерткішке тексеру жүргізді. Олар ескерткіштің шойыннан жасалғанын анықтап, тігісіндегі жарықтарды қалпына келтіру мүмкін емес деген қорытынды жасады. Осылайша, батыр мүсіні қайта түлетінін болып шешілді. Иә, ескерткіш бәз баяғы бейнесін сақтаған. Алайда жаңа тыныс берер тұсы да жоқ емес. Ол — материал тазалығы, бейненің айқындығы һәм шынайы сомдалуында.

— Өзім осы Қарағанды қаласында дүниеге келдім. Ескерткіштің қала мен облыс үшін құндылығы бар екенін де хабардармын. Сондықтан біз жұмысқа ерекше ықыласпен қаралдық, — деді «КазАрт» қазақстандық көркемөнер комбинаты ЖШС-нің бас директоры Сапар Шаймерденов.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы



Жезқазған өңірінде петроглифтер табылды

Жезқазған өңірінде 2 күндік «Білеуі-2021» тарихи-танымдық экспедициясы аяқталды. Қазақпараттың хабарлауынша, қатысушылар бұрын зерттелмеген петроглифтерді тапқан.

Экспедицияның мақсаты — белгілі бір аймақты зерттеу және жаңа туристік маршрут құру. Айтса айтқандай, қатысушылар, бұрын зерттелмеген петроглифтер мен таудағы жұмбақ әріптерді, көп камералы үңгір мен жезтырнақ тастарын, жартастағы дөңгелек ойықтарды — ежелгі металлургияның әзірлемелерінің іздерін тапты.

Мәлімет бойынша, жаңа тарихи олжалар еш жерде сипатталмаған, оларға отандық көрнекті ғалымдар қызығушылық танытып үлгерді.

«Бізге көптеген қызықты және зерттелмеген орын бар. Сондықтан біз Жезқазған археологиялық мұражайымен бірлесіп, Білеуі өзені мен атақты Бұланды шайқасы болған жер арасындағы аумаққа шағын экспедиция ұйымдастыруды ұйғардық. Оның құрамына археологтер, тарихшылар, жолсеріктер, туризм мамандары және тағы басқалары

кірді», — деді экспедиция жетекшісі, Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайының ғылыми қызметкері Кешубай Байділідинов.


Білеуі өзенінің маңынан саяхатшылар тау суреттері бар жартастар мен тастарды тапқан. Олар кара тастарға соғылған және жақсы сақталған. Петроглифтердің басқа галереясын ынтагерлер Ақкиік деген жерден сұр-көк тастардан тапты. Сондай-ақ экспедиция мүшелері Малқар үңгіріне барды.

«Бір қызығы, кіреберісте түйелердің басына ұқсайтын екі тік тас табылды, олардың кейбіреулерін тас басып, үйіп тасаған. Сондай-ақ екі жерден петроглифтер табылды. Экспедициядан кейін мұражайда дөңгелек үстел өткіздік. Мамандар бұл жер әлі зерттелмегенін айтты. Келесі жылы біз зерттеуді жалғастырамыз», — дейді экспедиция жетекшісі.

Келесі жылы экспедиция қатысушыларына Қазақстанның басқа мұражайларының тарихшылар мен археологтер қосылуға дайын.

А.АЙДАРҚЫЗЫ

Есенберлиннің тыйым салынған романы



Илияс Есенберлин атындағы қор белгілі жазушының толық әңгімелер жинағын басылып шыққанын хабарлады. Жинақта оқырмандар назарына бұрын-соңды жарық көрмеген туындылар ұсынылады.

Жинаққа Илияс Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық» атты үлкен романы да енді. Қор өкілдерінің айтуынша, бұл туындыға жазушының көзі тірісінде Кеңес уақытында цензурамен тыйым салған екен.

Есенберлин өз шығармасында Кеңес билігі мен Қазақстан халқы арасындағы өзара байланысты, Дінмұхамед Қонаев пен басқа да зиялы қауым өкілдерін мысал етіп бейнелеген.

«Илияс Есенберлиннің еңбектерін зерттеп-танымалына, қазақ тарихын толық танып-білу мүмкін емес. Біз ата-бабамыздың күрделі, алайда ерлікке толы жүріп өткен жолын мәңгі есте сақтауымыз керек. Жазушының «Көшпенділер» трилогиясы және «Алтын Орда»

романы біздің тарихты қалпына келтіруге үлкен ықпал етті. Қазақ халқының патриоттық рухын көтеретін Илияс Есенберлиннің туындылары біздің қасиетті жеріміздің тарихына деген қарым-қатынасты қастерлеуге үйретеді», — деп жазылған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың оқырмандарға арналған үндеуінде.

Шығармалар жинағына «Аққу құстар қуанышы» мен «Алыстағы аралдар» атты бұрын орыс тіліне аударылмаған, кеш жазылған романдары да енді. Сондай-ақ жинаққа поэмалар мен өлеңдер және Брусиловский мен Байқаламовтың музыкасына жазылып, 50-жылдары жарық көрген әндер мәтіні де енген.

Илияс Есенберлиннің шығармашылығы Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде кеңінен танымал. Оның кітаптары әлемнің 30-дан астам тіліне аударылған, кітаптарының жалпы таралымы 7 миллионға жуық.

Айбике ЖАНАСЫЛ

Балалар спорты басым бағыт па?

Еліміздің ертеңі бүгінгі жас жеткіншектер десек, сол өскелең ұрпақтың спорттық, шығармашылық өлеуетіне баса назар аударғанымыз жөн. Ол үшін ең алдымен елімізде бұқаралық спортты дамытып, спорттық инфрақұрылымдардың балалар үшін барынша қолжетімділігін арттыру қажет.

Абылайхан ЖҰМАШ

Несін жасырайық, Токио Олимпиадасынан кейін отандық спорттағы хал-ахуалымыздың төмен екені анық білінді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Токиода өткен Олимпиада қорытындысы бойынша отандық спортқа шұғыл әрі тиімді реформалар жүргізу қажетін айта келе, бұқаралық және балалар спортына дамытудың маңыздылығына ерекше назар аударды. Ел Президенті 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында да денешынықтыру мен спорттың маңыздылығын ерекше атап өтті.

«Бұқаралық спортқа, балалар спортына барлық жағдайды жасау керек. Облыс әкімдері спорт инфрақұрылымының кезең-кезеңімен құрылуын қамтамасыз етуі тиіс», — деді Президент. Ел тұрғындары да Мемлекет басшысының тапсырмасын жылы қабылдап, бұқаралық және балалар спортының дамыту мәселелері Үкіметтің ерекше бақылауына алынды. Олай дейтін себебіміз, енді бұқаралық және балалар спортымен айналысудың қолжетімділігін арттыру үшін халықтың спортпен шұғылдануын кемінде 35% нәтиже жеткізу міндеті жүктелді. Ол үшін әкімдіктерге мемлекеттік спорттық тапсырыс көлемін ұлғайту, қосымша балалар мен жасөспірімдер клубын, балалар-жеткіншектер спорт клубын ашу, мектеп және студенттер спорт таласының жұмысын қайта бастау есебінен балаларға арналған тегін спорт секцияларын кеңейту жөнінде арнайы тапсырма берілді.

Шетелдерде де балалар спортына ерекше көңіл бөлініп отырғанын әлемдік спорт додасы Токиодағы Олимпиада ойындарында жүздеген атанған шетелдік жас спортшылардың көрсеткіштерінен байқалады. Олимпиада бірқатар мемлекеттің жас жеткіншектері жеңіс тұғырынан көрініп, өз елдерінің мерейін асқатты. Атап айтар болсақ,



Өзбекстан елінің 19 жастағы өрені Улутбек Рашидов таэквондодан Олимпиада чемпионы атанды. 22 жастағы түрік Мете Газоз садақ ағуан ерлер арасында жекелей сында Токио Олимпиадасында топ жарды. Ұлыбританиялық 12 жасар Скай Браун Токиода скейтборд спортшына бақ сынады. Ол жазғы Олимпиада ойындарына барған Ұлыбританиядан шыққан ең жас қатысушы атанды. Ал жапониялық скейтбордист Момидзи Нисия Олимпиаданың алтын медалін мойнына тақты. 13 жастағы спортшы стрит багдарламасының финалында 15,25 ұпай жинап, бірінші орынды иеленді. Екінші орын алған 13 жастағы бразилиялық Раисса Леал да жанкүйерлерді өнерімен тәнті етті. Бұдан өзге көп елдің жас өрендері де Токиода көптің көзіне түсті. Ал Қазақстан Олимпиадалық құрамасы сапындағы ең жас спортшы 19 жастағы көркем гимнаст Алина Әділханова болды. Өкінішке қарай, спортшы қызығе Жәпония жерінде жүлдегерлер қатарынан көріне алмады. Бірақ Алианың әлемдік жарысқа жолдама алуының, қатысуының өзі үлкен жетістікке балады. Өйткені Қазақстанда балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларының саны жеткіліксіз. Жергілікті әкімдіктер балалар мен жасөспірімдерді спорттық және шығармашылық үйірмені қамтамасыз ету ісіне салғырт қарап отырғанын да көпшілігі жақсы біледі. Көптеген ауылда спорттық кешендер жоқтың қасы. Көңілге медеу болары, балаларды күреске, дзюдоға, боксқа дайындайтын спорт үйірмелері жұмыс істеп тұр. Әрі бұл спорт түрлеріне жеткіншектер көптеп барады. Сондықтан да шығар, бұл спорт түрлерінен өзге спорт түрлеріне

қарағанда спортшылар арасында бәсекелестік жоғары. Бірақ күрес, дзюдо, бокстан басқа спорт түрлерін дамытуға ауылдық жерлерде лайықты деңгейде жағдай жасалмаған. Бұл мәселені спорт мамандарының өздері де бірнеше рет көтеріп, талқыға салды.

— Көптеген ауылдық жерде спорттық кешендер жетіспейді. Спортпен айналысатын жеткіншектер бір залда жаттығады. Жағдайдың жоқтығынан волейбол, баскетбол, күрес, өзге де спорт түрлерін бір жерде өткізуге мәжбүр. Жер-жерде спорттық кешендер көптеп бой көтерсе, спорттық үйірмелердің саны артып, қымбат спорт түрлері де қолжетімді бола түссе, балалар спортындағы көп мәселе шешімін табар еді, — дейді еркін күрестен балаларды жаттықтырып жүрген жаттықтырушы Төрбек Хайдаров.

СПОРТТЫҢ ҚАЙ ТҮРІ ҚЫМБАТ?

Ауылдық жер дейміз, қалалық жерлерде де кейбір спорт үйірмесіне баруға балалардың ата-анасының қалтасы көтермейді. Сондықтан жеткіншектер өздері қалаған спорт түрімен айналыса алмайды. Бағасы қымбат спорт үйірмелеріне спорттық гимнастика, суға секіру, көркем гимнастика, үлкен теннис жатады. Бағасы өте қымбат спорт үйірмелерінің қатарына шайбалы хоккей, суда жүзу, синхронды жүзу, волейбол, мәнерлеп сырғанау бар. Ал ескекпен жүзу, нысана ату, допты хоккей, су добы сияқты спортқа баратындар ілуде біреу. Осыдан кейін бұл спорт түрлерінен ел намысын қорғауды сырттан келгендерге сеніп тапсырмақасамал жоқ. Егер бұл қолжетімді болмай тұрған спорт түрлеріне ерекше көңіл бөліп, дамытар болсақ, жеткіншектерді осы спорт

Көрік беретін ғимараттар

Түркістан қаласы әсем ғимараттармен толығып, көріктену түсуде. Атап айтқанда, қаладағы өзге құрылыс нысандарын айтағанда, қасиетті кесенеге жақын маңнан және ел аузында «жаңа қала» атанып кеткен Әкімшілік-іскерлік орталығы аумағында жеке ірі кәсіпкерлер сәулеті көз сүріндірер әдемі тұрғын үйлер мен коттеждерді көптеп салып жатыр. Әрине, бұл бір жағынан рухани айнала тұрғындарының жағдайын жақсартып, қуанышына айналса, екіншіден, алыс-жақын елдерден сынап немесе қызығушылық танытып келіп-кететін қала қонақтарына көрсететін көрнекті ғимарат болады.

Рухани қалада жүзеге асып жатқан ірі жобалардың бірі — Әкімшілік-іскерлік орталықта орналасқан жана нысандардың жұмысын қадағалап, көзбен көріп қайтуды мақсат тұтқан облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев кәсіпкерлермен кездесті.

Кездесу барысында белгілі болғандай, Түркістан қаласының шығыс бағытында орналасқан жаңа Әкімшілік-іскерлік орталығында жеке кәсіпкерлер есебінен бірнеше тұрғын үй кешені мен коттежді қалашық, заманауи қонақүйдің құрылысы жүріп жатыр. Сондай-ақ жана ғимараттар мен кеңселер бой көтеріп, сауда, ойын-сауық орталығы салынады.

Облыс әкімі 12 гектар жерде бой көтерген 12 кабатты «Нұр-Сұлтан сити» тұрғын үй кешенінде болды. Түрік компаниясы салған зауил үйлердегі пәтерлердің жалпы аумағы 160 мың шаршы метрден асады. Мұнда 2 мыңнан аса отбасы қоныс тойын тойлайды. Жана үйлердің алдын абастандыру жұмыстары қатар жүруде. Қазірдің өзінде құрылысы аяқталған бес үйдегі баспаналардың 90 пайызы сатылған.

Айта кетейік, Әкімшілік-іскерлік орталық 1 500 гектарға жуық аумақты қамтиды. Бой көтерген жана ғимараттардың барлығы дерлік заманауи үлгіде. Онда Түркістан облыстық адвокаттар



коллегиясы мен облыстық нотариалды палата ғимараттары орналасады. Сонымен қатар инвестициялық жобалар арасында бірнеше бизнес орталықтар, «Шахмат орталығы», мейрамханалар желісі, медициналық орталық, стоматология орталығы, коммерциялық ғимараттар мен ағаш көшеттерін өсіретін кешеннің құрылысы жоспарланған.

Шахардың климатын ескере отырып, қала сыртында қоғалдандырудың үздіксіз жүйесін және Сырдария өзенінің табиғи өсімдіктер дүниесінен қосылуды қамтамасыз ететін жасыл белдеуді қалыптастырылған. Қоғалдандырудың жалпы ауданы 2035 жылға қарай 13 мың гектарды құрайды.

Тельман БЕЙСЕН